



«Тәуекел түбі –
желқайық»



2-бет

Тәжірибе мен
технология тоғысы



5-бет

Арқа үні –
араб
атырабында



8-бет

РЕСМИ

Көмек алу жеңілдейді

Елімізде коммуналдық төлемдерді өтеуге арналған тұрғын үй көмегін тағайындау рәсімі автоматтандырылмақ. Бұл туралы Үкімет отырысында Премьер-Министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев мәлімдеді.

Вице-премьер өңір әкімдіктеріне «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы аясындағы жұмыстарды ерекше бақылауға алып, инженерлік инфрақұрылым нысандарындағы жөндеу жұмыстарын белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

Оның айтуынша, коммуналдық саланы толық цифрландыру үшін тұтынушыларды есепке алу құралдарымен жабай қамту қажет. Осыған байланысты жауапты министрліктер мен әкімдіктер әр өңірдегі қажеттілікті анықтап, есептегіш құралдарды орнатудың 2029 жылға дейінгі нақты жоспарын әзірлеуге тиіс.

Сонымен қатар, тұрғын үй көмегін тағайындау рәсімін жеңілдету үшін бірыңғай есеп айырысу орталықтарын мемлекеттік ақпараттық жүйелермен біріктіру көзделіп отыр. Бұл азаматтардың құжат жинау жүктемесін азайтып, әлеуметтік көмекті жедел әрі автоматты түрде тағайындауға мүмкіндік береді.

Өз тілшімізден

ҚҰРМЕТ

Жұлдызға жол осы жерден басталған

Ел тарихын ерлер жазды. Ал, сол еңсегей ерлердің ерлігі халық жадында мәңгілікке хатталады, сақталады. Қазақтың тұңғыш ғарышкері, Халық Қаһарманы Токтар Әубәкіровтің 80 жылдық мерейтойына арналған Қарағандыдағы тағылымды шаралар ұлттық рухты ұлықтап, елдік сананы биіктеткен мазмұнды мерекеге ұласты.

Баба ескерткішіндегі сәулелі сәт

Әуел баста Қаздауысты Қазыбек би ескерткішінің алдында Қазақстанның тұңғыш ғарышкері, Халық Қаһарманы Токтар Әубәкіровтің 80 жылдық мерейтойына арналған іс-шаралар легінің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Халық батыры Токтар Әубәкіров пен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Дүйсен Касеинов, Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей, ғарыш саласының ардагерлері, қоғам қайраткерлері мен қала қонақтары қазақтың үш ұлы биінің бірі Қаздауысты Қазыбек би ескерткішіне тағзым етті.

Мерекелік бағдарлама бастауы қазақ тарихындағы көрнекті мемлекет қайраткері Қазыбек би ескерткішінің алдында басталғаны – айрықша нышанды мәнге ие. Қазыбек би XVII-XVIII ғасырларда, қазақ халқының мемлекеттілігі сынға түскен, ел тағдыры таразыға тартылған күрделі кезеңде өмір сүрді. Ол Ұлы даланың үш ұлы биінің бірі ретінде Төле би және Әйтеке бимен қатар тарихта өшпес із қалдырды. Мемлекет қайраткері, мәмілегер, шешен әрі



халық даналығының сақтаушысы болған Қазыбек би ел ішінде зор беделге ие болып, оның әділ шешімдері халық бірлігін нығайтып, даладағы бейбітшілік пен татулықтың сақталуына қалтқысыз қызмет етті.

Салтанатты рәсім соңында ел

ағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Тұңғышбай Мұқан Токтар Әубәкіров пен жиылған көпшілікке арнап мынандай ерекше бата берді.

– Қазақтың қыран батыры Токтар Оңғарбайұлы, мерейтой-

ыңыз құтты болсын!

Қазақтың ұлы даласы төрт түлікті малға толсын!

Алтын бесік ауылға бақ-дәулет қонсын!

Қазақтың әр қаласы әлемнің бай шаһарындай болсын!

Киелі жерінің ұрпақтары рахатын көрсін!

Салт-дәстүріміз өркениеттің өнегесіне айналсын!

► 4-бет

Өндіріс жастарды жатырқамайды

Бүгінгі жаһандану дәуірінде мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі табиғи байлықпен емес, адам капиталымен өлшенеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің ең басты қазынасы – адам, азаматтардың қабілетін шыңдауға жағдай жасау басты міндет екенін баса айтқан еді. Бұл ретте, әсіресе, жоғары санатты техникалық, инженерлік және өндірістік кадрлар даярлауға басымдық берілді. Өңірде маман даярлау ісі қарқынды. Солай бола тұра, өндіріс пен еңбек нарығындағы кадр тапшылығы әлі де өзекті. Ендеше, дипломды маман бола тұра, кәсіпорындар неге маманға зәру?

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Еңбек нарығындағы екідай көрініс

Мемлекет басшысы 2024 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтарының жылы»



Коллаж жасаған Айрылған Қосғам

деп жариялап, осы кезеңде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалауды тапсырды. Президент жұмысшы кәсіптерін дәріптеу арқылы қоғамда еңбеккер және кәсіби маман болу идеясын орнықтыру қажеттігіне назар аударды. Бұл міндет «Адал азамат

– Адал еңбек – Адал табыс» қағидатымен тікелей сабақтас.

Алайда, жұмысшы мамандығының беделін арттыру тек салтанатты жиымен немесе ұранмен шектелмеуге тиіс. Оның нақты нәтижесі – жас маманның сапалы білім алып, өндірістік дағдыны

меңгеруі, мамандығы бойынша жұмысқа орналасуы және еңбегіне сай тұрақты табыс табуы.

Кеншілер өлкесінің еңбек нарығындағы бүгінгі жағдай осы міндеттің қаншалықты күрделі екенін көрсетеді. Өңірде жұмыссыздар да бар, төрт мыңға жуық

бос жұмыс орны да бар. Колледждер жыл сайын мыңдаған түлек даярлайды. Соған қарамастан, өндіріс, құрылыс, энергетика, білім және денсаулық сақтау салаларында маман қат.

Ендеше, маман іздеген кәсіпорын мен жұмыс іздеген түлектің жолы неге тоғыспайды?

Екі түлек – екі түрлі жол

Қарағанды жоғары политехникалық колледжінің түлегі Айбын Балкен жұмыс іздеп көп әуреленбеген. Оның жұмысқа апарар жолы колледж қабырғасында басталған еді.

– Диплом алысымен жұмысқа орналастық. Өйткені, екінші-үшінші курстарда өндірістік тәжірибе кезінде қабілетімізді барынша көрсетуге тырыстық. Тәжірибе шырдалып, білікті мамандардан көп нәрсе үйрендік. Мұның ертеңгі күні қажеттігін түсіндік. Сондықтан, оқу бітіріп, тәжірибеден өткен кәсіпорынға барғанымызда, бізді өндіріс талабына бейімделген жас маман ретінде бірден қабылдады, – дейді Қарағанды құю-машина жасау



зауытының техник-технологі Айбын Балкен.

Айбын кәсіпорынға өндірістік үдерісті көзімен көрген, жабдықпен жұмыс істеп үйренген және еңбек ұжымына бұрыннан таныс маман болып оралды.

Ал, электрмеханик мамандығын игерген Ислам Жұмагелдінің еңбек жолы басқаша өрбіді.

– Оқып жүрген кезімде отбасылық жағдайға байланысты бір жылға әскери қызметке баруға тура келді. Отан алдындағы борышымды өтеп келген соң оқуымды жалғастырдым. Бірақ, бір жылдың өзінде көп нәрсе өзгереді екен. Бұрын бірге оқыған курстарым оқуын аяқтап, жұмысқа орналасып үлгерді.

► 6-бет

ХАБАРЛАМА

Қарағанды қаласының учаскелік сайлау комиссияларының құрамындағы өзгерістер туралы

Учаскелік сайлау комиссиясы № 7: КеАҚ «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті», Терешкова көшесі, 40

Аубакиров Ерлан Жанайдарович – комиссия мүшесі

Учаскелік сайлау комиссиясы № 8: ӨММ «Әскери бөлім 6505 КР ПМ Ішкі әскерлері» Сәтбаев көшесі, 93

Токтарова Гульнара Нурлановна – комиссия мүшесі

Учаскелік сайлау комиссиясы № 21: КММ «Сәкен Сейфуллин атындағы гимназия», Ерубаев көшесі, 43а

Аймағанбетова Гулзат Кенжебаевна – комиссия мүшесі

Абугалиева Самал Нуртасвна – комиссия мүшесі

Учаскелік сайлау комиссиясы № 37: КеАҚ «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті», Мұқанов көшесі, 41

Исақ Ажар Біржанқызы – комиссия мүшесі

Учаскелік сайлау комиссиясы № 60: КМҚК «Облыстық кешенді мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі», Бұқар жырау даңғылы, 53

Карим Жансая Кайратовна – комиссия хатшысы

Учаскелік сайлау комиссиясы № 68: КММ «№64 жалпы орта білім беретін мектеп», Вагонная көшесі, 1а

Смаилова Аружан Шугаиповна – комиссия мүшесі

Учаскелік сайлау комиссиясы № 89: КММ «Сламяя Саттаров атындағы мектеп-лицей», Сатыбалдин көшесі, 15

Даупбаева Жанна Талгатовна – комиссия мүшесі

Учаскелік сайлау комиссиясы № 105: КММ «Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицей», Бауыржан Момышұлы көшесі, 30

Балмуханова Гульмира Анапиевна – комиссия мүшесі

Учаскелік сайлау комиссиясы № 136: КММ «№61 жалпы білім беретін мектеп», 15 шағын аудан, 12/1

Ушақбаева Балнур Балтабаевна – комиссия төрағасы

Учаскелік сайлау комиссиясы № 169: КММ «Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп», Көгілдір тоған шағын ауданы, 3

Айдарбекова Айкерим Кабдрашқызы – комиссия мүшесі

Учаскелік сайлау комиссиясы № 176: РММ «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5451 әскери бөлімі», Солтүстік өнеркәсіп аймағы, 042-есептік квартал, 8

Омарханов Таир Курметович – комиссия мүшесі

Учаскелік сайлау комиссиясы № 184: КММ «№12 жалпы білім беретін мектеп», Жекебаев көшесі, 125а

Мукашева Гульмира Каппаровна – комиссия мүшесі

Учаскелік сайлау комиссиясы № 187: ЖШС «Қарағанды теміржол ауруханасы», Мәметова көшесі, 99

Кудряшова Виктория Юрьевна – комиссия мүшесі

Учаскелік сайлау комиссиясы № 188: КММ «№60 жалпы білім беретін мектеп», Павленко көшесі, 9а

Хамзина Гульмира Темирбулатовна – комиссия мүшесі

Учаскелік сайлау комиссиясы № 190: РММ «Әскери бөлім 31775» Винницкая көшесі, 50

Балашов Исламалы Иванович – комиссия төрағасы

Қожантаев Нұрболат Қосымбайұлы – комиссия мүшесі

Қарағанды қаласының аумақтық сайлау комиссиясы



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Құқықтық кеңес берді

Қарағанды қаласы адам саудасының алдын алуға бағытталған республикалық «Үміт пойызы» ақпараттық-насихат акциясының маңызды аялдамасының біріне айналды. Халықаралық адам саудасына қарсы күрес күні қарсаңында кеншілер өлкесіне келген арнайы пойыз тұрғындарға құқықтық кеңес беріп, заманауи құлдықтың қаупі туралы кеңінен ақпарат таратты.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық полиция департаменті ұйымдастырған қылмысқа қарсы күрес басқармасының қолға алуымен өткен профилактикалық жұмыстардың аясында жүзеге асырылды. Жылжымалы ақпараттық орталық қызметін атқарған пойыз құрамында құқық қорғау органдарының қызметкерлері, заңгерлер мен әлеуметтік сала мамандары болды.

Теміржол вокзалында өткен кездесуде жолаушылар мен қала тұрғындары адам саудасының негізгі белгілері, азаматтардың заңсыз еңбекке тартудың кең таралған тәсілдері, еңбек көші-қоны кезіндегі қауіптер және құқық бұзушылық құрбандарына көрсетілетін мемлекеттік қолдау туралы мәлімет алды. Сонымен қатар, қатысушыларға сақтық шаралары мен байланыс деректері қамтылған ақпараттық жадынамалар таратылды.

Мамандардың айтуынша, 24-30 шілде аралығында ел аумағында «Адам саудасы – ауыр қылмыс» атты республикалық ақпараттық науқан өтуде. Біріккен Ұлттар Ұйымының бастамасына негізделген бұл жоба Қазақстанда жыл сайын 30 шілдеде аталып өтетін Дүниежүзілік адам саудасына қарсы күрес күніне орай ұйымдастырылған.

Науқан Ішкі істер министрлі-

гінің үйлестіруімен мемлекеттік органдардың, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен жүзеге асырылып келеді. Жоба аясында еліміздің Оңтүстік, Солтүстік, Батыс және Шығыс бағыттары бойынша төрт арнайы үгіт-насихат пойызы жолға шыққан. Олар жалпы 12 қаланы қамтиды.

Ақпараттық науқан теміржол вокзалындағы кездесулермен шектелген жоқ. Облыстық полиция департаментінің қызметкерлері студенттер, мектеп оқушылары, еңбек ұжымдары және қоғамдық ұйымдар өкілдерімен арнайы кездесу ұйымдастырды. Онда шетелде қылмысқа орналасу кезінде сақтық шараларын сақтау, күмәнді делдалдардың қызметінен аулақ болу, заңсыз көші-қонның салдары мен интернет арқылы жасалатын алаяқтық және адам саудасына тарту тәсілдері түсіндірілді.

Құқық қорғау органдары мұндай алдын алу шаралары тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттырып қана қоймай, адам саудасы қылмыстарының алдын алуға және қауіп төнген жағдайда кайда әрі қалай жүгіну қажеттігін халыққа кеңінен түсіндіруге мүмкіндік беретінін атап өтті.

ҚАРАҒАНДЫ

«Тәуекел түбі – желқайық»

Ауыл кәсіпкерлігі өңір экономикасындағы маңызды бағытқа айналып келеді. Әсіресе, мемлекеттік қолдау тетіктерін тиімді пайдаланған жастардың қатары қалып. Олар жергілікті нарықты сапалы өніммен қамтамасыз етіп, ауылда да өндірісті өркендетуге болатынын нақты іспен дәлелдеуде.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әрине, ауылдағы кәсіптің өз қиындығы жоқ емес. Логистика, шикізат жеткізу, білікті маман тапшылығы мен нарық шектеулілігі – кәсіпкерлерге күрмеу. Десе де, мемлекеттік гранттар, жеңілдетілген несиелер, субсидиялар мен түрлі бағдарламалар арқылы ауыл тұрғындары өз ісін бастап, өндіріс көлемін ұлғайтып келеді. Нұра ауданындағы жас кәсіпкерлердің тәжірибесі – соның айқын дәлелі.

Нұра кентінің тұрғыны Ақымбек Қайырбеков бірнеше жылдан бері құрылыс материалдарын өндіреді. Оның кәсіпорны бүгінде газоблок, суэмульсиялы бояу және грунтотка шығарады. Бұл өнімдер аудан тұрғындарының сұранысына ие. Оған қоса, көршілес Осакаров ауданына да жөнелтіледі.

Мұнда негізінен отандық шикізатқа басымдық берілген. Газоблок жасауға жергілікті карьерден алынатын құм мен отандық цемент пайдаланылады. Бояу өндірісіне қажетті кейбір компоненттер де еліміздікі. Сондай-ақ, Ресей мен Қытайдан жеткізіледі. Цехтағы өндірістік жабдықтардың барлығы Қазақстанда жасалған.

Мамандығы инженер-құрылысшы Ақымбек Қайырбеков бұл кәсіпті кездейсоқ таңдамаған. Құрылыс материалдарына деген сұранысты көріп, осы бағытты дамытуға бел буады. Алғашқы кадам жасауына ата-анасы қолдау білдіріп, болашақ цехқа арналған ғимарат сатып алып берген. Кейін мемлекеттік грант пен жеңілдетілген несиеге құрал-жабдықтар алады. Бұдан бөлек, мемлекет кәсіпорындағы жұмысшылардың жалақысының бір бөлігін субсидиялайды.

– Ауылда кәсіп жүргізу оңай емес. Сатып алушылар аз, логистикаға қатысты мәселелер бар. Бірақ, мұнда бәсекелестік те төмен. Қазір жас кәсіпкерлер үшін грант, субсидия және жеңілдетілген несиелер алуға мүмкіндік мол. Бастысы, іс бастауға тартынбау керек, – дейді Ақымбек Қайырбеков.

Қазіргі уақытта кәсіпорында үш адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Құрылыс маусымы кызған кезде өндіріс толық қуатында жұмыс істейді. Кәсіпкер алдағы уақытта өнім түрлерін көбейтіп, жаңа жабдықтар сатып алып, қосымша өндірістік ғимараттар салуды жоспарлап отыр. Сұраныс жылдан-жылға артып келеді.

Нұра ауданындағы тағы бір табысты өндіріс – кәсіпкер Шыңғыс Қадырбаевтың кәсіпорны. Мұнда тұрмыста кеңінен қолданылатын кір сабынның екі түрі мен кір жуу ұнтағы өндіріледі.



КӘСІПКЕРЛІК

Өндіріске қажетті шикізат Қазақстанның әртүрлі өңірлерінен жеткізіледі. Дайын өнім еліміздің өзге қалалары мен облыстарына да жөнелтіледі. Ауылда шығарылған өнім республика нарығына жол тапқан.

Кәсіпкер өндірісті дамытуға мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың айтарлықтай көмегі болғанын жасырмайды. Ол облыс әкімінің грантын жеңіп алып, кейін «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы жылдық 2,5 пайыздық жеңілдетілген несиелер рәсімдеген. Бұл қаражат өндірісті кеңейтіп, жаңа өнім шығаруға мүмкіндік берген.

– Басты қиындық – білікті маман табу және шикізат жеткізуді ұйымдастыру. Материал алу үшін Астана мен Қарағандыға ұдайы баруға тура келеді. Алайда, біз тоқтамаймыз. Алғашында кір сабын шығарудан бастадық, биыл кір жуу ұнтағын өндіруді іске қостық, – дейді Шыңғыс Қадырбаев.

Кәсіпкер алдағы уақытта өндіріс көлемін ұлғайтып, өнім түрлерін көбейтіп көздейді. Оның айтуынша, сапалы отандық өнімге сұраныс жылдан-жылға өсіп келеді.

Тәуекелге бел буып, еңбекті серік еткен жас кәсіпкерлердің табысы – ауылда мүмкіндік жоқ деген түсініктің ескіргенін аңғартады. Ең бастысы – нақты мақсат, тынымсыз еңбек және мемлекет ұсынып отырған қолдау тетіктерін тиімді пайдалану. Сонда тәуекелдің түбі расында да желқайыққа айналып, алға жетелері анық.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

Байырғы вокзалдың бүгінгі бейнесі

Осакаров ауданындағы Сарыбел станциясының күрделі жөндеуден өткен теміржол вокзалының пайдалануға берілуі көптен күткен жағымды жаңалық болды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

1965 жылы бой көтерген вокзал ғимараты араға 60 жылға жуық уақыттан соң толықтай жаңарды, жаңа келбет иеленді. Бұрынғы тарихи келбеті сақталды. Ішкі құрылымы заман талабына сай қайта жасакталып, жолаушылар үшін барынша жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастырылды.

Жаңғырту жұмыстары вокзалдың барлық негізгі бөлігін қамтыды. Ғимараттың шатыры толық ауыстырылып, сумен жабдықтау, көріз, жылу және электр желілері жаңартылды. Қасбеті жаңаша әрленіп, ішкі бөлмелері күрделі жөндеуден өтті. Жолаушылар залы жаңа жиназдармен жабдықталып, қызмет көрсету сапасын арттыратын қажетті құрал-жабдықтармен қамтылды.

Бүгінде жолаушыларды жарық әрі кең күту залы қарсы алады. Ана мен бала бөлмесі бар. Санитарлық тораптар толықтай жаңартылып, қызметтік кабинеттер заман талабына сай. Перрон да жаңғырып, пойыз күтуге қолайлы жағдай жасалды.

Ерекше қажеттілігі бар азаматтардың жағдайына да көңіл бөлінген. Вокзал ғимаратына кедергісіз кіруге мүмкіндік беретін барлық қажетті инфрақұрылым қарастырылған. Бұл – әлеуметтік жауапкершілікті басты назарда ұстайтын заманауи нысанға қойылатын негізгі талаптың бірі.

Сонымен бірге, вокзал маңы толық абаттандырылды. Айналасы ретке келтіріліп, келушілердің еркін-еркін жүріп-тұруына қолайлы жағдай жасалды. Мұның бәрі Сарыбел вокзалының тек көлік нысаны ғана емес, елдімекеннің көркіне айналған қоғамдық кеңістік екенін аңғартады.

Ашылу салтанатында сөз сойлеген «ҚТЖ» ҰК» АҚ – Магн-



стральдық желі дирекциясының Қарағанды бөлімшесі филиалының директоры Марат Ыбыраев бұл жоба теміржол инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталған ауқымды бағдарламаның бір бөлігі екенін атап өтті.

– Вокзалды жаңғырту жолаушыларға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға, пойыздарды күтуге қолайлы жағдай жасауға және өңірдің көлік инфрақұрылымын жақсартуға мүмкіндік береді. Теміржол инфрақұрылымын дамыту жұмыстары жалғасуда. Жоба «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның өз қаражаты есебінен жүзеге асырылды, – делі Марат Ыбыраев.

Сарыбел станциясының стратегиялық маңызы зор. Өңірдегі маңызды жүк станциясының бірі. Мұнда 12 кірме теміржол жолы бар. Сондықтан, станция өндіріс орындары мен кәсіпорындардың жүк тасымалында да маңызды рөл атқарады.

Сонымен қатар, Сарыбел арқылы еліміздің бірнеше өңірінен тұрақты теміржол қатынасы жүзеге асырылады. Бұл жерден Астана, Қарағанды, Семей, Жезқазған, Қызылорда, Қостанай және Павлодар бағыттарына қатынайтын пойыздар өтеді. Вокзалдың жаңаруы мыңдаған жолаушыға тікелей әсер ететін маңызды жоба саналады.

Жаңарған нысанды алғашқы-



лардың бірі болып көрген ауыл тұрғындары да қуаныштарын жасырмады. Ашылу рәсімінде сөз алған ақсақал Амангелді Нұғыманов мұндай өзгерісті көпшілік көптен күткенін айтты.

– Бізде осындай вокзал болады деп, тіпті елестеткен жоқпыз. Станция екі ауқымды қайта жаңғыртудан өтті, бүгінде оның жаңарған келбетін көріп отырмыз. Бұл – барлық тұрғын үшін үлкен қуаныш әрі маңызды оқиға, – делі ол.

Расында, вокзал – келген қонақтың өңір туралы алғашқы әсерін қалыптастыратын орын. Сондықтан, оның заман талабына сай болуы тұрғындар үшін ғана емес, ауданның имиджі үшін де маңызды.



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Соңғы жылдары елімізде теміржол саласын жаңғыртуға ерекше көңіл бөлініп келеді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жолаушыларға қолайлы жағдай жасау, вокзалдардың қауіпсіздігін күшейту және қызмет көрсету сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар жүзілі.

Қазіргі уақытта өңірде «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының бастамасымен теміржол инфрақұрылымын жаңғырту бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарлама аясында облыстағы 14 теміржол вокзалы мен платформа күрделі жөндеуден өтуде.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

Тарихтан тамырланған тағылым

Биыл 23 тамызда Қазақстан Республикасының бостан халқы өзінің ежелден бергі егемен тарихында тұңғыш рет бір палаталы Парламент – Құрылтай депутаттарын сайлайды. 1991 жылдан бергі оныншы парламенттік сайлау жалпыхалықтық референдумда қабылданып, 1 шілдеден бастап күшіне енген халық Конституциясы аясында жүзеге асады. Яғни, биліктің құрамы да, оның тұтас құрылымы өзгеретін ерекше кезең десек айқынырақ болар. «Құрылтай» сөзі – көне түркілік ұғым, хандықтар мен рулардың тағдыры шешілген ұлы жиындардың жаңғырығы. Бүгінде осы тұғырлы атау заманауи заң шығарушы институттың ресми атына айналып отыр. Ежелгі атау мен жаңа мемлекеттің құрылымның осылайша тоғысуында бүгінгі саяси реформаның басты астары жатыр. Еңсегей еліміз баянды болашағын қалыптастыра отырып, тарихи тамырынан да қуат іздейді. Нәр алады.



Қолжазба жасаған Айбес Рахымжан

Ерканат КЕЦЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Киіз туырлықты Алаш жұрты дудомал дүниеге душар болмады. Керісінше, жаһандану дәуіріндегі сандаған тосын келелі-келенсіз жайттарға жауап беру үшін осындай өркеніетті шешім қабылдап тұр. Ойымызды дәйектейік. Құрғақ мәлімет әредік көп нәрсені аңғартады. Мәселен, Құрылтай құрамына бес жыл мерзімге 145 депутат сайланады. Ол анық. Халық қалаулылары бірыңғай жалпыұлттық сайлау округі бойынша тек партиялық тізіммен сайланады. Мән берерлігі, Тәуелсіз Қазақстан тарихында бірінші рет азаматтар жекелеген округтердегі үміткерлерге емес, мұқым ел көлеміндегі саяси партиялардың бағдарламаларына дауыс береді.

Иә, Құрылтайдан орын алу үшін партиялар сайлаушылар дауысының кемінде бес пайызын жинауы тиіс. Маңызды межеден өтуге жеті бірдей саяси партия доғаға түседі. Олар – «Әділет», Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы (ЖСДП), «Байтақ», Қазақстанның Халық партиясы, «Ауыл», «Ақ жол» Демократиялық партиясы, және Respublica партиясы. Партиялық тізімдерге барлығы 546 канди-

дат енді. Бірден байқалғандай, үміткерлер саны да барлық партиялардың дайындық деңгейін көрсетеді. Сарабал сарапшылар пікірінше, партиялардың шынайы мүмкіндігін олардың сайлауалды бағдарламаларынан гөрі өңірлік ұйымдарының ауқымы, саяси брендті мен кадрлық әлеуеті айқындайды. Сондықтан да, байқаушылар бүгінде барлық партияны да науқанның фавориттері қатарында қарастырады.

Ойымызды қалам ұшына ұштастырғанымызда мемлекеттік модельдің тұжырымдамасы айқын екендігі бесенеден белгілі. Оның негізінде «Күшті Президент – ықпалды Құрылтай – есеп беретін Үкімет» қағидаты жатыр. Бұл формула билік институттарының әлсіреуін емес, олардың өзара тепе-теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған. Әрбір билік тармағының жауапкершілік аясы нақтыланып, мемлекеттік басқарудың тиімділігі артуы көзделеді. Бастысы, Құрылтай сайлауы – конституциялық қағидаттар мен Әділетті Қазақстан құндылықтарына негізделген ел дамуының жаңа кезеңінің бастауы екендігі анық. Сондай-ақ, бұл мақсат кейдесік айтылған тұжырым болмас. Айтпағымыз биылғы көктемдегі республикалық референдумнан бастау алған

саяси жаңғыру үдерісінің қисынды жалғасты үдерісі – бұл.

Реформалардың қоғамдық қолдау деңгейі де назар аудартады. Сарапшылар ұсынған әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша, қазақстандықтардың 87 пайызы жүргізіліп жатқан саяси өзгерістер бағытын бек қолдайды. Жылдар бойы қызмет еткен қос палаталы жүйеден бас тартқан мемлекет үшін бұл – маңызды көрсеткіш. Игілікті үдерісті азаматтық қоғам ретгі реформаларды сырттан таңылған шешім емес, заман талабына жауап беретін қажетті өзгеріс ретінде қабылдап келеді. Құрылтай сайлауының саяси маңызын ұштаған қалыбымен қарастыруға да болатындай. Алғы қыры – институционалдық. Қос палаталы жүйеден бір палаталы модельге көшу заң шығару жүйесінің табиғатын түбегейлі өзгертеді. Бұрын заң жобалары Мәжіліс пен Сенат арасындағы келісім рәсімдерінен өтсе, енді заң қабылдау біртұтас заң шығарушы органда жүзеге асады. Демек, заң қабылдау үдерісі жеделдеуі кәдік. Алайда, жауапкершілік те қоса артады: бақылау тетіктері кеміген сайын депутаттық корпустың кәсіби деңгейіне қойылатын талап еселеп күшейетіні мәлім.

Әр дауыс ел ертеңін айқындайды

Ел ертеңі бүгінгі таңдаудан басталады. Бұл – мемлекетіміздің тағдырына тікелей қатысты өмірлік ақиқат. Тарихқа зер салсақ, кез келген елдің дамуы оның қабылдаған заңдарына, сол заңдардың жазатын азаматтардың жауапкершілігіне және халықтың саяси белсенділігіне байланысты болған. Бүгін Қазақстан дәл осындай тарихи белестің алдында тұр. Жаңа Конституция негізінде алғаш рет Құрылтай сайлауы өтеді. Бұл сайлау – елдің ертеңін айқындайтын маңызды таңдау.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Еліміз Тәуелсіздік алған жылдары ең алдымен мемлекеттілігін қалыптастыруға күш жұмсады. Кейін саяси институттарды орнықтырып, мемлекеттік басқарудың берік негізін қалады. Енді ел жаңа кезеңге аяқ басты. Бұл – тиімді, жауапты әрі ашық мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыру кезеңі. Сондықтан, қос палаталы Парламенттен бір палаталы Құрылтайға көшу – уақыт сұранысынан туған табиғи эволюциялық қадам.

Шын мәнінде, мемлекеттің қуаты Парламенттің неше палатадан тұратынымен өлшенбейді. Оның шынайы күші қабылданатын заңдардың сапасымен, депутаттардың кәсібилігімен және халық алдындағы жауапкершілігімен айқындалады. Егер заң елдің мұн-мұқтажынан туындаса, қоғаммен кеңесе отырып қабылданса, онда ол қағаз жүзінде қалып қоймай, өмірдің өз заңына айналады.

Әлемдік тәжірибе де осыны дәлелдейді. Бүгінде демократия-

сы дамыған Швеция, Финляндия, Дания, Норвегия, Жаңа Зеландия, Португалия, Венгрия секілді мемлекеттер бір палаталы Парламент жүйесімен табысты жұмыс істеп келеді. Бұл елдерде заң шығару үдерісі анағұрлым ықшам, шешім қабылдау жылдам әрі жауапкершілік нақты. Ең бастысы – халықтың билікке деген сенімі жоғары. Себебі, олардың мемлекетінде әр азамат ел ертеңіне бейжай қарамай, ой-пікірін айтып, болашақ үшін белсенділіктен таймайды. Еліміз де осы озық тәжірибені өз ерекшелігіне бейімдеп, жаңа саяси мәдениетті қалыптастыруға бет бұрып отыр.

Құрылтайдың басты ерекшелігі – оның заң шығаратын орган ғана емес, халықтың сөзін сөйлетін тіл, қоғамның тынысын сезінетін өкілді институт болуы. Заң жобалары кеңінен қоғамдық талқылаудан өтіп, цифрлық платформалар арқылы сарапшылардың да, қарапайым азаматтардың да ұсыныстары ескерілмек. Яғни, мемлекет пен қоғам арасындағы үнқатысудың жаңа үлгісі.



Сурет: Ж

Енді ел азаматтарының заң жобаларын талқылауға, ұсыныс енгізуге, депутаттардың қызметін бағалауға қатысу мүмкіндігі бар. Демек, қоғам бақылаушы емес, мемлекеттік шешімдердің толыққанды қатысушысына айналады. Бұл – өкілдік демократиядан қатысушы демократияға қарай



Ендігі қыры – партиялық. Алғаш рет сайлау тек партиялық тізім арқылы бірыңғай жалпыұлттық округте өтеді. Бұл саяси партиялардың институционалдық дамуын жеделдетеді. Бұрын жекелеген округтердегі беделіне сүйенген өңірлік саясаткерлер енді партиялық құрылымның бір бөлігіне айналуға мүдделі болады. Және соңғысы. «Құрылтай» атауының өзі ұлы дала демократиясының тарихи дәстүрін меңзейді. Бір кездері ел тағдыры шешілген ұлы жиындардың атауы бүгінгі Парламенттің ресми атауы болып бекіді. Яғни, тарихи сабақтастықты қазіргі мемлекеттік институттармен ұштастыруға бағытталған саналы саяси қадам деп бағамдарлық. Заң шығарушы органға көне түркілік атаудың берілуі – ұлттық мемлекеттіліктің тарихи негіздерін жаңғырту стратегиясының нақышты нышаны. Сонымен бірге, бірқатар саясаттанушылар реформаның мәнін асыра бағаламауға үн қатады. Мәселен, саясаттанушы Фархад Қасеновтің пікірінше, Құрылтай сайлауы реформалардың одан әрі жалғасуы үшін маңызды болғанымен, оның нәтижелері Президенттің конституциялық өкілеттік мерзіміне ешқандай құқықтық өзгеріс енгізбейді. Басқаша айтқанда, Құрылтай – биліктің ауысуы емес, оның жұмыс тетіктерінің жаңаша ұйымдастырылуы.

Сонымен, алда не күтіп тұр? Сайлауалды үгіт-насихат 22 тамыз күні түнгі сағат 00:00-де аяқталып, одан кейін заң бойынша үнсіздік күні басталады. Осы уақытқа дейін саяси партиялар сайлаушыларды ұрандармен емес, нақты бағдарламаларымен сендіруге тиіс. Сонымен қатар, заңнамаға сөйкес партиялық тізімдерде әйелдерге, жастарға және мүгедектігі бар азаматтарға арналған квоталар сақталады. Ал, 23 тамызда Қазақстан халқы тек 145 депутатты ғана сайлайды. Ел көктемде қабылдаған жаңа конституциялық модельдің алғашқы іс жүзіндегі сындарлы емтиханынан өтеді. Егер «Күшті Президент – ықпалды Құрылтай – есеп беретін Үкімет» қағидаты қағаз жүзінде ғана емес, нақты заң шығару тәжірибесінде де өз тиімділігін дәлелдей алса, онда жөні бөлек осы сайлау үдерісі жөнекей кезекті саяси науқан ретінде емес, ежелгі дала дәстүрі мен заманауи мемлекеттік басқару сабақтасқан тарихи белес ретінде ел жадында қалмақ.

Үгіт үмітке жетелейді

Облыста саяси партиялардың сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары жалғасуда. Аймақтың қала және аудан-аймақтарында өткен кездесулер барысында партия өкілдері сайлаушылармен және түрлі сала қызметкерлерімен жүздесіп, сайлауалды бағдарламаларының негізгі бағыттарын таныстырды. Кездесулерде тұрғындарды толғандырған әлеуметтік-экономикалық мәселелер талқыланып, ұсыныс-пікірлер айтылды. Сайлауалды кездесулер еңбек ұжымдарын, жастарды, педагогтерді, спорт саласы өкілдерін және ауыл тұрғындарын қамтыды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтсақ, «Әділет» партиясының өкілдері «Қарағанды автобус паркі №2» ЖШС аумағында еңбек ұжымымен кездесті. Кездесуде қатысушыларға «Әділет» партиясының сайлауалды бағдарламасының негізгі басымдықтары таныстырылды.

Кездесуде еңбек ұжымының мүшелері өздерін толғандырған сұрағын қойып, қоғамдық көлік қозғалысын ұйымдастыру, қызметкерлерді әлеуметтік қолдау, еңбек жағдайларын жақсарту және саланы дамытуға қатысты ұсыныстарын ортаға салды.

Ал, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы Қарағанды қаласында педагогтермен «Әлеуметтік қалқан» тақырыбында кездесу өткізді.

Кездесуге ЖСДП өкілдері жиынға қатысушыларға партияның сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттары туралы баяндады.

Қоғамдағы әлеуметтік әділдік, мемлекеттік шешімдердің ашықтығы, азаматтардың заң шығару үдерісіне қатысуы және халықтың күнделікті мәселелері айтылды.

«Байтақ» Қазақстанның жасылдар партиясының негізгі бағыты – экологиялық қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды сақтау.

Сонымен қатар, партияның экологиялық саясатты дамытуға бағытталған негізгі ұстанымдарын таныстыруда.

Азаматтардың қоршаған ортаның жай-күйіне, экологиялық қауіпсіздікке және табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға қатысты ұсыныс-пікірлерін тыңдап, пікір алмасуда.

Қазақстан Халық партиясының мүшелері «Қарағанды қаласының жастар ресурстық орталығы» ұжымымен кездесу өткізді.

Кездесу барысында партияның сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттары таныстырылып, жастарды қолдау, олардың әлеуметтік және кәсіби дамуына жағдай жасау, сондай-ақ, қоғамдағы өзекті мәселелерді



шешу бағыттары талқыланды. Іс-шараға қатысушылар өзара пікір алмасты. Жастар саясатына қатысты бірқатар мәселе бойынша ақпарат ұсынылды. Іс-шара диалог форматында өтті.

«Ауыл» халықтық-демократиялық партиясынан өкілдер өңірдің ауыл-аймақтарын аралап, тұрғындармен кездесулер өткізуде.

Кездесу Ақтоғай ауданынан басталып, кейін облыстың өзге ауылдарында жалғасты. Алғашқы кездесулердің бірі Доскей ауылында өтті.

Кездесу барысында елдімекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуы, ауыл инфрақұрылымы, жұмыспен қамту және ауыл шаруашылығын қолдау мәселелері талқыланды. Тұрғындар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, ұсыныс-пікірлерін жеткізді.

«Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы Балқаш қаласы мен Шет ауданында сайлаушылармен және еңбек ұжымдарымен кездесу өткізді.

Сапар аясында Балқаш қаласындағы Мәдениет сарайында тұрғындармен кездесті. Сонымен бірге, «Балқаш Су» және «Балқаш Жылу» кәсіпорындарының ұжымдарымен кездесіп, коммуналдық саладағы өзекті мәселелер мен тұрғындарды толғандырған сауалдарды талқылады.

Азаматтардың сауалдарына жауап беріліп, олардың көтерген ұсыныстары назарға алынды.

Қарағанды облысы бойынша «Теннис федерациясы» филиалының ұжымымен «Respublica» партиясы өкілдері кездесті.

Кездесуде кандидаттар сайлауалды бағдарламасына тоқталды. Бағдарламаның негізгі басымдықтарын түсіндірілді.

Сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары аясында өткен кездесулерде партиялар өз бағдарламаларын таныстырып, тұрғындармен пікір алмасты. Қатысушылар әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша өз ұсыныстары мен сауалдарын ортаға салды. Аймақта партиялардың сайлауалды кездесулері бекітілген кестеге сәйкес жалғасуда.



буынның, әртүрлі мамандық иелерінің, түрлі әлеуметтік топтардың үні естілуі маңызды. Өйткені, қоғамның мәселесін қоғамның өзіндей сан алуан адамдар ғана жан-жақты жеткізе алады. Заңгер де, дәрігер де, мұғалім де, инженер де, кәсіпкер де, фермер де, жас маман да, тәжірибелі азамат та елдің ортақ мәселесін бірге шешуге атсалысқанда ғана қабылданған заң өмірдің өзінен алшақтамайды. Алдағы Құрылтай сайлауы – осы жаңа жүйенің алғашқы сынағы. Сондықтан, бұл науқанға бейжай қарау – өз болашағына бейжай қараумен тең. Кейде «Менің бір дауысымнан не өзгереді?» деген пікір де естіліп жатады. Алайда, тарих дәлелдеген бір ақиқат бар. Үлкен өзгерістер миллиондаған адамның жекелеген таңдауынан басталады. Әр бюллетень – азаматтың мемлекетке айтқан өз сөзі. Әр дауыс – елдің ертеңіне қосылған үлес.

Қазақ «Көп тілеуі – көл» дейді. Мемлекеттің болашағы да дәл солай қалыптасады. Әр азамат өзінің азаматтық борышын орындап, сайлау учаскесіне барып дауыс бергенде ғана қоғамның ортақ таңдауы әділ болады.

Жұлдызға жол осы жерден басталған

(Соңы. Басы 1-бетте).

Еліміздің мәртебесі барша әлемнің төрінде тойлансын! Әр қариямыз даналығымен абыздыққа жетсін! Әр азамат халқы үшін маңдай терін төгіп, Әр ұрпағымыз ұлт құндылығынан нәр алсын. Дастарханымыз өзге жұртқа үлгі болып таралсын. Әр түңдіктің түтіні түзу ұшып, Қазақтың тектілігі ұлтының тұмарына айналсын! Кісілігіміз әділеттің жолынан таймай, Ұлтымызда «Жеті жарғыдай» заң болсын! Ұлына Токтар батырдың ерлігі тән болып, Ел қызына бұлбұл Күлштің көркі сан болсын! Жадымызда Димаш салған ән болсын! Ана тіліміз бақ-бәсекенің бәрін жеңіп, Қазақтың Азаттығын дос-дұшпанның бәрі көрсін! Сонымыздан түркі жұртының бәрі ерсін! Көкбайрақ жер-жаһанға желбіресін! Әнұран әлемшарды тебіrentсін! Қазақтың Токтар батыры ғарыштың алтын тәжі болып, Ғасыр жасап, жүзге келсін! Қазақтың Токтар батыры ұлтының ұранына айналсын! Әумин! – деді рухтанып, ел ағасы.

– Ассалаумағалейкүм, құрметті жерлестер! Қарағандылықтар! Бүгін ә деген сәттен бастап, мен және жодастарым баба рухына зиярат етті. Мен бұған өте ризамын. Ес жиып, естияр болған шақтан-ақ Қаздауысты Қазыбектің рух-шәрібіне мінежат етіп жүретін едім. Биіміздің рухы елімізді желеп-жебесін! Жайнаған Қарағандым таңғажайып сұлу шаһарға айналыпты. Тұтас қазақ халқына, қарағандылықтарға зор рахмет! Туған жеріме тәу етіп келгенімде оттай ыстық құшағын жайып қарсы алып жатқан халқыма алғасыз алғысымды айтамын! – деді тебіреніп Токтар Оңғарбайұлы.

Тұңғыштар

тұғырындағы толғаныс

Мұнан соң халық батыры бастаған делегация мүшелері «Ғарышты бағындырушылар» мемориалына арнайы барып, адамзат өркенетінінің көкжиегін кеңейткен, ерлігімен, қайсар рухымен және ғылымға деген адалдығымен тарихта өшпес із қалдырған ғарышкерлер рухына құрмет көрсетті. Орталық аллеяның қос қапталында Қарағанды гарнизонының 120 әскери қызметшісі, Қазақстан Қарулы Күштерінің 25 ардагері мен 10 интернационалист-жауынгер сап түзеп, ел Қаһарманын айрықша құрметпен қарсы алды. Салтанатты рәсім барысында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы, полковник Бағлан Өсербаев сөз сөйлеп, батырға жылы лебіз білдірді.

– Тәуелсіз еліміздің айыбын асқақтатқан біртуар перзент, қазақ халқының мақтанышы ретінде есіміңіз тарихта алтын әріппен жазылды. Жұмыр жердің шегінен асып, туған халқымыздың ғасырлық арманын ақиқатқа айналдырдыңыз. Байтақ Қазақстанды барша әлемге таныттыңыз. Ел-жұртыңыз

Сізді тек әйгілі ғарышкер ретінде ғана емес, көрнекті қоғам қайраткері әрі шынайы отансүйгіш азамат деп бағалайды. Ғарышты бағындырған тарихи ерлігіңіз – ел санасынан, халық жүрегінен мәңгі өшпейтін өнеге. Адал еңбек пен мұқалмас жігердің арқасында кез келген асқақ арманға жетуге болатынын өз ісіңізбен дәлелдеп, кейінгі жастарға теңдесіз темірқазық болдыңыз. Сіз бағындырған биіктер – әрбір отандасымыздың жүрегіне мақтаныш ұялатар ортақ жеңіс, – деді Бағлан Әбдіжәлелұлы.

Шарада батыр «Ғарышты бағындырушылар» мемориалына арнайы гүл шоғын қойды. Ғарыш кеңістігін игеру жолында өлшеусіз еңбек сіңірген жандардың рухына тағзым етті. Тағылымды рәсімнен соң сөз сөйлеп, құрмет көрсеткен Қарағанды жұртына жүрекжарды алғысын білдірді.

– Бүгінгі мерейтой қарсаңында барша Қазақстанның түпкір-түпкірінен жиналған ардақты ағаларымыз бен қадірлі қонақтарымызды көріп, көңілім тасып тұр. Кеншілер өлкесінің меймандостығына, айбынды әскеріміз бен ел-жұрттың ыстық ықыласына дән ризамын. Жасы үлкейген ақсақалға осындай құрмет көрсетіп, қошемет білдіру – халықтың еңбекке берген шынайы бағасы мен бақыттың көрінісі болса керек. Осындай ыстық жүздесу

етеді. Себебі, ғарыш – ешқандай антагонизм мен араздыққа орын жоқ, тек бейбітшілік, достық пен ғылым салтанат құратын мекен. Ғарыш-нама жердегі ғалымдар негізін қалаған ғылымды әрі қарай дамытып, өмірге жол тартады, – деді Токтар Оңғарбайұлы.

Жастарды жігерлендірген жүздесу

Иә, тұлғалар уақыт өткен сайын биіктей түседі. Ал халқының жүрегінен орын алған азаматтың ғұмыры ұлттың тарихымен астасалды. Қазақтың тұңғыш ғарышкері, Халық қаһарманы Токтар Әубәкіровтің 80 жылдық мерейтойына арналған Қарағандыдағы тағалымды шаралар да дәл осы ойды тағы бір мәрте айқындады. «Ғарышқа самғаған қазақ» көрмесі, «Аспан адамы» деректі фильмінің жабық көрсетілімі және жастармен өткен ашық кездесу бір адамның мерейтойынан гөрі тұтас елдің мақтанышын ұлықтаған рухани басқосу болды. Көрме залында Токтар Әубәкіровтің өмір жолымен сыр шертетін әрбір жәдігер үнсіз сөйлеп тұрғандай әсер қалдырды. Сынақышы-ұшқыштың күрделі қызметі, ғарышқа бастар жолы, тарихи сәттерді бейнелеген фотосуреттер мен архивтік құжаттар келушілерді ел тарихының ерекше кезеңіне жетеледі. Мұндағы



әр жәдігер – қазақтың ғарышты бағындырған тұңғыш перзентінің табандылығы мен қайсарлығының айғағы.

Көрменің жалғасы іспетті «Аспан адамы» деректі фильмі көрерменді Токтар Әубәкіровтің өмір жолымен тереңірек таныстырды. Архивтік бейнематериалдар мен естеліктерге құрылған туынды ға-

рышкердің кәсіби қалыптасу кезеңін ғана емес, азаматтық болмысын, туған елге деген сүйіспеншілігін де шынайы жеткізеді. Фильм аяқталғанда залдағы тыныштықтың өзі көрермен көңіліндегі әсерлі аңартқандай болды. Фильм көрсетілімінен кейін сөз алған Токтар Әубәкіров туындыға өз бағасын беріп, оның ең алдымен жастарға арналғанын атап өтті. Оның айтуынша, фильм өзінің өмірін еске түсіру үшін емес, өскелең ұрпаққа үлгі болу үшін түсірілген.

– Бұл фильм мен үшін түсірілген жоқ шығар. Өйткені, сол оқиғалардың бәрінің куәсімін, бәрі әлі күнге дейін есімде. Бірақ, бүгінгі жастар үшін мұндай фильмдер қажет. Олар қарапайым ауылда өсіп, ешқандай қолдаусыз-ақ еңбектің арқасында биікке жетуге болатынын көруі тиіс. Бір ғана тілегім – фильм сәл жарығырақ, жылырақ болса екен. Көрермендер залдан көз жасымен емес, жүздеріне күлкі үйіріліп шықса деймін. Менің балалық шағымда қиындық жеткілікті болды, бүгінгі жастар ондай сезімді бастан өткермесе екен, – деді Халық Қаһарманы.

Көрсетілім аяқталған соң фильмінің режиссері туындының қалай

дүниеге келгені туралы айтып, көрермендерге алғысын білдірді. Оның айтуынша, бұл жолы ең үлкен қиындық материал табу емес, керісінше, Токтар Әубәкіровтің бай өмір жолынан ең маңызды сәттерді іріктеу болған.

– Әдетте қандай да бір тұлға туралы фильм түсіргенде ең қиыны – көрсететін материал табу. Бұл жолы керісінше болды. Токтар Әубәкіровтің өмірінде 40 минутқа сыймайтын оқиғалар өте көп. Сондықтан, фильмге оның өмір жолындағы ең маңызды белестер ғана енгізілді. Біз оның отбасымен, әріптестерімен бірнеше мәрте кездесіп, әрбір деректі мұқият тексердік. Фильмде ойдан қосылған ештеңе жоқ. Бұл – бас кейіпкердің өзі мақұлдаған өмір тарихы. Осы жобаның жүзеге асуына қолдау көрсеткен Қарағанды облысының әкімдігіне және атсалысқан барша азаматтарға алғысымды білдіремін, – деді фильмінің режиссері Темірбек Аманжол.

Кездесуге студент жастар, еріктілер, «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының сарбаздары, жастар ұйымдарының көшбасшылары қатысты. Жалпы, деректі фильмінің көрсетіліміне 400-ден астам адам жиналды.

– Токтар Әубәкіров – тәуелсіз Қазақстанның ғана емес, бүкіл қазақ халқының мақтанышы. Осындай кездесулердің басты мақсаты – жастарды ел тарихын құрметтеуге, үлкен тұлғалардың өмір жолынан үлгі алуға шақыру. Бүгінгі буын арманға адал болып, еңбекпен ғана биікке жетуге болатынын Токтар ағаның өмірінен көруі керек. Сондықтан, мерейтойлық іс-шаралар тек мерекелік сипатта емес, тәрбиелік мәні зор жобалар ретінде ұйымдастырылып отыр. Мерейтойлық шаралар мұнымен аяқталмайды. Олар Қарағандыдан бастау алып, Токтар Әубәкіровтің туған жері – Қарқаралы өңірінде жалғасады. Бұл бастама қазақтың тұңғыш ғарышкерінің өмір жолын ұлықтап қана қоймай, өскелең ұрпақтың бойына отансүйгіштік пен елге қызмет ету идеясын сіңіруге бағытталған. Бүгінгі кездесудің басты әсері де осы болды. Ғарышты бағындырған тұлғаның өмір жолы жастарға арманның шегі жоқ екенін тағы бір мәрте дәлелдеп берді, – деді Қарағанды облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасына қарасты Жастар ресурстық орталығының директоры Аслан Кабегенов.

Мерейтойлық күннің ең әсерлі сәттерінің бірі – Қарағанды облысының жастарымен өткен кездесу. Жастар аңызға айналған тұлғаға көкейлеріндегі сауалдарын қойып, оның өмірлік ұстанымы мен еңбек жолы туралы әңгімесін ықыласпен тыңдады. Токтар Әубәкіров жастарға білімге ұмтылудың, қайсарлық пен жауапкершіліктің маңызын айтып, қандай биікке көтерілсең де, туған жерге адал қызмет етудің бәрінен қымбат екенін жеткізді. Еркін форматтағы жүздесуден кейін Токтар Әубәкіров жастарға естелік қолтаңба беріп, көпшілікпен естелік суретке түсті. Осындай жүздесулердің құндылығы – өткенді дәріптеуде ғана емес, болашаққа бағытбағдар беруінде. Себебі, ғарышты бағындырған тұлғаның өмір жолы – бүгінгі жас буын үшін арманның асқақтығы мен еңбектің құдіретін дәлелдейтін тағылым мектебі...

Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
Ербол ЕРБОЛАТ,
Жамал СОВЕТҚЫЗЫ

Суреттерді түсірген
Алмагүл ДАРМАНҚҰЛОВА



Тәжірибе мен технология тоғысы

Бұқар жырау ауданында орналасқан «Баймырза Агро 2018» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бүгінде еліміздің ауыл шаруашылығындағы заманауи өндірістің жарқын үлгісіне айналып отыр. Халықаралық тәжірибені, ғылыми инновация мен цифрлық технологияларды ұштастырған кәсіпорын тек өңірдің ғана емес, Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің дамуына өзіндік үлес қосып келеді.

Сағыншы ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Технология тиімділігі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің форумында агроөнеркәсіп кешенінің дамытудың жаңа кезеңі басталғанын атап өтіп, саланы технологиялық тұрғыдан жаңғырту, суармалы жер көлемін ұлғайту, ғылымды өндіріске енгізу, инвестиция тарту және экспорттық әлеуетті арттыру жөнінде нақты міндеттер қойған болатын. Бұл бастамалар бүгінде еліміздің көптеген шаруашылықтарында нақты нәтижесін беріп келеді. Солардың қатарында өндірісті өңірдегі «Баймырза Агро 2018» ЖШС ерекше аталады.

Кәсіпорынның басты ерекшелігі – халықаралық стандарттарды отандық өндіріс тәжірибесімен тиімді үйлестіруінде. Осы арқылы агроөкешен ауыл шаруашылығының жаңа моделін қалыптастырып, өндіріске заманауи технологияларды енгізіп отыр.

Халықаралық тәжірибе тоғысқан алаң

Жақында кәсіпорын базасында Халықаралық картоп тұқымы күні ұйымдастырылды. Іс-шараны «Баймырза Агро 2018» ЖШС мен «Евразия Групп Казахстан» ЖШС-і Нидерланд Корольдігінің Қазақстандағы елшілігінің қолдауымен өткізді.

Шараға облыс әкімінің орынбасары Руслан Кенжебеков, облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов, Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын, Нидерланд Корольдігінің Қазақстан Республикасындағы елшілігінің ауыл шаруашылығы, балық шаруашылығы және азықтүлік қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі кеңесшісі Ари Велдхаузен, сондай-ақ, еліміздің әр өңірінен келген аграршылар, ғылыми ұйымдардың өкілдері, инвесторлар мен серіктес компаниялардың мамандары қатысты.

Кездесу барысында қатысушылар картоп тұқымын өндірудің халықаралық тәжірибесімен танысып, егіс алқаптарын аралады. Сонымен бірге, картоп өсіруде қолданылатын жаңа технологиялар, тыңайтқыштар жүйесі, жоғары өнімді техникалар және заманауи зертхананың жұмысы таныстырылды.

Мұндай тәжірибелік кездесулер жаңа технологияларды өндіріске енгізуге, фермерлердің тәжірибе алмасуына және халықаралық әріптестікті нығайтуға мүмкіндік береді.

Нидерландтың картоп тұқымын өндірудегі басты артықшылығы – сапаны қатаң бақылау жүйесі. Мұнда тұқым зертханадан бастап егістікке дейін бірнеше кезеңнен өтеді. Сапалы тұқым – мол өнім алуға толық кепіл болады. Қазақстанда голландиялық технологияларды енгізудің нәтижесі де көріне бастады. Өнімділік жыл сайын артып келеді. Өрине, біздің елдердің климаттық жағдайы әртүрлі. Бірақ қазіргі заманғы сұрыптар белгілі бір өңірдің табиғатына бейімделіп шығарылады. Сондықтан ең маңыздысы – дұрыс сұрыпты таңдау. Бізді қазақстандық фермерлердің жаңа техноло-

гияларды қабылдауға дайын екені қуантады. Сондай-ақ, Қазақстанның Ауыл шаруашылығы министрлігімен тиімді ынтымақтастық орнаған. Нидерланд Үкіметінің басты мақсаты – әлемде тұрақты азықтүлік жүйесін дамытуға үлес қосу. Сондықтан Қазақстанмен тәжірибе алмасып, озық технологияларды енгізуге қолдау көрс-



ту біз үшін маңызды, – дейді Ари Велдхаузен.

Суармалы алқаптың өнімі мол

«Баймырза Агро 2018» бүгінде өндірістің барлық кезеңін қамтитын заманауи агроөнеркәсіп кешені саналады. Кәсіпорын құрамында өсімдік шаруашылығы, элиталық тұқым өндіру, картоп өсіру, суармалы егіншілік, өнімді сақтау және инженерлік инфрақұрылымды дамыту бағыттары бір жүйеге біріктірілген.

Кәсіпорын бірнеше жыл бұрын «Нұр СХ» агрохолдингінің құрамына еніп, техникалық және технологиялық жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты. Соның нәтижесінде өндірістік қуат айтарлықтай артып, инвестициялық жобалар іске асырылып, халықаралық компаниялармен ынтымақтастық кеңейді.

Бүгінде агроөкешеннің жалпы өндірістік алаңы 39 мың гектардан асады. Оның ішінде 29 мың гектардан астамы егістік жерді құрайды.

Соңғы жылдары климаттың өзгеруі мен құрғақшылық қаупінің күшеюіне байланысты кәсіпорында суармалы егіншілікке ерекше көңіл бөлінуде. Мәселен, суару жұмыстары үшін «Zimmatic» маркалы сүйретпелі-айналмалы жаңбырлатыш машиналар қолданылады. Қазіргі уақытта 1300 гектар жер заманауи суару жүйелерімен қамтылған. Алдағы бірнеше жыл ішінде бұл көрсеткішті 3000 гектарға дейін жеткізу жоспарланып отыр.

Картоп шаруашылығы – негізгі стратегиялық бағыт

2024 жылы тұқым шаруашылығы мәртебесіне ие болған кәсіпорынның негізгі бағыты

– картоп өндірісі. Мұнда тұқымдық, тауарлық және қайта өңдеуге арналған картоп өсіріледі.

Қазіргі таңда «Гала», «Коломба», «Камелия» және VR808 сияқты жоғары өнімді сұрыптар көбейтілуде. Бұл сұрыптар жоғары өнімділігімен, сақталу сапасымен және климаттық жағдайларға бейімділігімен ерекшеленеді.

Кәсіпорын халықаралық селекциялық компаниялармен тікелей жұмыс істейді. NORIKA компаниясымен «Гала» сұрпы бойынша, HZPC компаниясымен «Коломба» сұрпы бойынша, HZPC Sadokas компаниясымен «Камелия» сұрпының элиталық тұқымын өндіру жөнінде бірле-

кызметі жұмыс істейді. Ұйым мамандары егіс алқаптарын тексеріп, тұқымдық материалдың сапасын халықаралық талаптарға сәйкес бағалайды. Бүгінгі іс-шараға «НАК» компаниясының қатысуы да – осы ынтымақтастықтың нақты көрінісі. Біз голландиялық стандарттарға сай тұқымдық картоп өндіру тәжірибесін таныстырып жатырмыз. Мұнда заманауи ауыл шаруашылығы техникалары, голландиялық картоп сұрыптары ұсынылып отыр. Нидерланд-



тың тәжірибесі Қазақстандағы картоп шаруашылығының дамуына айтарлықтай серпін берді. Соның арқасында бүгінде технологиялық даму деңгейі бойынша Қазақстан көрші мемлекеттермен, оның ішінде Ресеймен де бәсекеге қабілетті. Ал Орталық Азия елдері біздің тәжірибемізге қызығушылық танытып, өнімдімізді тұтынушылар қатарына қосылып отыр. Қазақстанның картоп экспорттаушы елдердің біріне айналуы – соның айқын дәлелі, – дейді «Баймырза Агро 2018» ЖШС басшысы Максим Букаемский.

Цифрлық технология – агроөнеркәсіпте

Ауыл шаруашылығы цифрландырусыз дамымайтыны белгілі. «Баймырза Агро 2018» бұл бағытта да алдыңғы қатарда келеді. Бұл орайда, шаруашылықта «John Deere», «GRIMME» және «Zimmatic» сияқты әлемдік жетекші өндірушілердің астық және картоп комбайндары, тракторлар, тіркемелі және аспалы техникалары пайдаланылады.

Техникалық парк құрамында 18 астық жинайтын комбайн, 10 егіс кешені, жоғары қуатты тракторлар, картоп отырғызатын және жинайтын арнайы кешендер, сондай-ақ, жанбырлатып суару жүйелері жұмыс істейді.

Сонымен қатар, цифрлық мониторинг жүйелері енгізілген. Арнайы құрылғылар арқылы топырақтың ылғалдылығы, минералдық құрамы, агрохимиялық және биологиялық көрсеткіштері нақты уақыт режимінде бақыланады.

Осының негізінде әрбір алқапқа жеке технологиялық карта әзірленіп, тыңайтқыштарды енгізу көлемі дәл есептеледі. Бұл шығынды азайтып, өнімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

Кәсіби команда – өндіріс тірегі

Заманауи техника қаншалықты маңызды болса да, оның тиімді жұмыс істеуі кәсіби мамандарға байланысты. Бүгінде кәсіпорында 218 қызметкер еңбек етеді. Олардың қатарында агрономдар, инженерлер, механизаторлар, суару жүйесінің операторлары, тұқым шаруашылығы мамандары және зертхана қызметкерлері бар.

Кәсіпорында кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінеді. Мамандар халықаралық серіктестермен тәжірибе алмасып, жаңа технологияларды меңгеруге тұрақты түрде қатысады.

Осылайша, «Баймырза Агро 2018» тек ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші кәсіпорын ғана емес, өңір экономикасының тұрақты дамуына ықпал ететін маңызды өндірістік орталыққа

айналып отыр. Кәсіпорын ауыл тұрғындарын тұрақты жұмыспен қамтып, әлеуметтік жауапкершілік жобаларын жүзеге асыруға қатысады. Сонымен қатар, жергілікті бюджеттік салық түсімдерін қамтамасыз етіп, экономикалық әлеуетін арттыруға үлес қосуда.

Алдағы уақытта «Нұр СХ» компаниялар тобы суармалы жер көлемін ұлғайту, цифрлық технологияларды кеңінен енгізу, тұқым шаруашылығын одан әрі дамыту, өнімнің экспорттық әлеуетін арттыру және халықаралық ынтымақтастықты нығайтуды көздеп отыр.

«Баймырза Агро 2018» тәжірибесі бүгінде ауыл шаруашылығының табысты болуы тек егіс көлемімен емес, ең алдымен ғылымға, технологияға, инновацияға және сапаға негізделетінін дәлелдеп отыр. Голландиялық тәжірибе мен қазақстандық еңбек ұштасқан бұл кәсіпорын Мемлекет басшысы белгілеген агроөнеркәсіп кешенін жаңғырту міндеттерінің нақты жүзеге асып жатқанын көрсететін жарқын мысалдардың бірі деуге болады.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО



Статистикаға сыймайтын тағдыр

Инклюзивті қоғам – мемлекет дамуының басты көрсеткішінің бірі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың сапалы білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету, олардың әлеуетін толық ашуға жағдай жасау – мемлекеттің маңызды міндеті екенін ұдайы айтады. Қарағанды облысында да бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі. Дегенмен, мәселе толық шешілді деуге әлі ерте. Өйткені инклюзия – есептегі пайыз емес, әр баланың тағдыры мен болашағы.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қоғамның өркеніеттілігі ерекше баланың қоғамнан өз орнын қаншалықты еркін таба алуымен өлшенеді. Соңғы жылдары инклюзивті білім беруге қатысты заң қабылданды, мектептер бейімделді, жаңа кабинеттер жабдықталды. Дегенмен, ата-ананы толғандыратын бір ғана сұрақ бар. Ол – «Менің балама қажетті қолдау уақытында көрсетіле ме?»

– Облыста бүгінде ерекше білім беру қажеттілігі бар 17 632 бала бар. Оның 16 283-і, яғни 92,1 пайызы арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтылған. Олардың 8 818-і жалпы білім беретін мектептерде оқиды. Бұл – инклюзивті білім беру енді жекелеген тәжірибе емес, жалпы білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналғанын көрсетеді. Аймақтағы мектептердің 96,7 пайызында инклюзивті білім алуға қажетті жағдай жасалған. Бұл көрсеткіш – республикадағы жоғары көрсеткіштің бірі. Бірақ, жағдай жасаудың өзі жеткіліксіз. Басты мәселе – сол мүмкіндіктің балаға қалай жетіп жатқаны. Өйткені ерекше бала үшін мектепте сапалы білім алып, қатарластарымен тең қарым-қатынас орнатуы маңызды, – деді білім басқармасының бас маманы Галина Абишева.

Инклюзивті білім берудің тиімділігі тек көрсеткіштермен өлшенбейді. Оны шынайы нәтижесі күн сайын сыныпта өтетін сабақ барысында, мұғалімнің әр оқушымен

жүргізетін жұмысында көрінеді. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ортаға бейімделуі, қатарластарымен қарым-қатынасы және білімге деген қызығушылығы ең алдымен педагогтердің кәсіби қолдауы мен мектептегі қолайлы ортаға байланысты. Осы бағыттағы тәжірибесімен Қарағанды қаласындағы № 88 мектептің бастауыш сынып мұғалімі Мерей Айтмұхамедқызы бөлісті.

– Сыныбымда ерекше білім беру қажеттілігі бар екі оқушы оқиды. Олармен жеке де, топтық форматта да жүйелі жұмыс жүргіземіз. Әр баланың ерекшелігіне қарай оқу үдерісін ұйымдастыруға тырысамыз. Сыныптағы оқушылар оларды жақсы қабылдады. Бір-бірімен еркін араласады, қажет кезде қолдау көрсетіп, бірге жұмыс істейді. Бұл балалардың ортаға тезірек бейімделуіне оң әсерін тигізді. Қазір олардың сабаққа қызығушылығы артып, өздерін сенімдірек ұстай бастағанын байқаймыз. Әрине, қиындықтар да кездеседі. Кейде сабақ барысында оқушылардың бірі қатты дауыстап немесе айғайлап қалуы мүмкін. Мұндай сәттерде сабыр сақтап, баланың көңіл күйін реттеуге тырысамыз. Осындай жағдайда педагог-ассистенттің көмегі өте маңызды. Жалпы, бұл жұмыста педагог-ассистент, психолог, дефектолог, логопед және ата-аналардың қолдауы ерекше рөл атқарады. Барлығы бірлесе әрекет еткенде ғана баланың дамуына қолайлы жағдай жасап, жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады, – деді ол.

Облыста бүгінде ерекше білім беру қажеттілігі бар 17 632 бала бар. Оның 16 283-і, яғни 92,1 пайызы арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтылған. Олардың 8 818-і жалпы білім беретін мектептерде оқиды.



Биыл Қарағанды қаласындағы №4 мектеп-интернаты қайта ұйымдастырылып, психикалық дамуы тежелген және интеллект бұзылыстары бар балаларға арналған №11 облыстық арнайы мектеп-интернаты болып жұмысын бастайды. Бұл қосымша 130 баланы арнайы біліммен қамтуға мүмкіндік береді. Бұқар жырау ауданындағы Ботақара кентінде, Қарағанды қаласында және Шет ауданындағы Ақсу-Аюлы ауылында психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері ашылды. Әсіресе, ауылдық жерлерде мұндай орталықтардың пайда болуы – ата-аналар үшін үлкен қолдау.

дауының арқасында баламыздың бойындағы өзгерісті көріп отырымыз. Ерекше баланы тәрбиелеу оңай емес. Кейде мінез-құлқына байланысты қиындықтар кездеседі. Осындай сәттерде мектеп ұжымының бізбен тығыз байланыста болуы – демеу. Біз үшін ең маңыздысы – баламыздың өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуі, – деді ерекше баланың анасы Қамқа Мұқашева.

Дегенмен, инклюзивті білімнің ең әлсіз тұсы – кадр мәселесі. Қазір облыста ерекше балалармен 776 арнайы педагог, 567 педагог-ассистент және 8 жеке көмекші жұмыс істейді. Алайда, бұл жеткіліксіз. Маман-

дарға сұраныс әлі де жоғары. Осы қажеттілікті азайту үшін биыл академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті 46 дефектолог-бакалавр мен 13 магистрді даярлап шығарады. Сонымен

бірге, әкім гранттары бөлініп, қайта даярлау курстары ұйымдастырылып жатыр.

Инклюзивті білімнің сапасы мұғалімнің дайындығына да тікелей байланысты. Қазіргі таңда облыстағы 12 048 мұғалімдердің 75,9 пайызы инклюзивті білім беру бойынша біліктілігін арттырған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда алты пайызға жоғары. Жаңа оқу жылынан бастап, барлық алты психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация ресурстық орталықтардың қызметін атқарып, мектептерге әдістемелік қолдау көрсетеді.



Ата-аналардың көтеретін мәселесі де өзгерген жоқ. Олар ең алдымен, түзету көмегінің қолжетімділігіне, мамандарға кезекке, оңалту орталықтарының аздығына алаңдайды. Осы бағытта облыста Telegram арнасы арқылы тұрақты кері байланыс орнатылып, токсан сайын облыс әкімінің қатысуымен кездесулер өтеді. Мұндай ашық диалог нақты проблемаларды дер кезінде анықтап, шешуге мүмкіндік береді.

Алдағы жоспарлар да ауқымды. Шахтинск пен Теміртауда аутизм бар балаларды қолдау орталықтарын ашу қарастырылуда. Бұдан бөлек, 500 дене шынықтыру мұғалімі бейімделген дене тәрбиесі әдістемесіне, ал, 300 мектепке дейінгі ұйым педагогі АВА-терапияның заманауи тәсілдеріне оқытылады. Бұл – ерекше балалардың әлеуетін ерте жастан дамытуға бағытталған маңызды қадамының бірі.

Инклюзивті білім – әлеуметтік жоба емес, бұл – әр баланың конституциялық құқығы. Сондықтан, бұл бағыттағы жұмыстардың нәтижесі статистикамен емес, мектепке қуана баратын ерекше балалардың саны мен олардың қоғамға еркін бейімделуі арқылы бағалануы тиіс.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

Өндіріс жастарды жатырқамайды

(Соңы. Басы 1-бетте),

Ал, мен еңбек жолымды қайта бастауға тиіспін. Әзірге күнделікті табыс әкелетін жұмыстарды істеп жүрмін. Ендігі мақсатым – электро-механик мамандығы бойынша жалақысы жақсы, тұрақты жұмысқа орналасу, – дейді ол.

Бір қарасақ, екеуі де техникалық білім алды. Бірі оқу барысында болашақ жұмыс орнымен байланыс орнатса, екіншісі еңбек нарығына кешірек қосылып, өз орнын әлі іздеп жүр. Бұл екі тағдыр мыңдаған колледж түлегінің алдынан шығатын мүмкіндік пен кедергіні аңғартса керек.

Бос орын бар, сәйкестік жоқ

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, былтыр облыстағы жұмыс күшінің саны 535 мың адамды құрады. Оның 513,4 мыңы жұмыспен қамтылған. Жұмыссыздар саны – 21,7 мың адам. Жалпы, жұмыссыздық деңгейі 4 пайыз, ал, 15-34 жастағы жастар арасындағы жұмыссыздық – 3 пайыз.

Биыл 15 шілдедегі жағдай бойынша Электрондық еңбек биржасында Қарағанды облысындағы 3 976 бос жұмыс орнын қамтитын 2 122 хабарландыру жарияланған. Жалақы көлемі 85 мыңнан 800 мың теңгеге дейін көрсетілген. Білім беру, денсаулық сақтау, өнеркәсіп, энергетика, инженерия, құрылыс, көлік және ақпараттық технология салаларында мамандарға сұраныс бар.

Десе де, бос жұмыс орындарының көптігі кез келген жұмыс іздеушіге лайық деген сөз емес. Өнеркәсіп электронтер немесе дәнекерлеуші іздесе, жұмыс іздеушінің мамандығы есепші немесе заңгер болуы мүмкін. Кейде кәсіпорын ауданда орналасады, ал, маманның облыс орталығынан көшікісі келмейді.

Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы еңбек нарығын талдау және мониторинг бөлімінің басшысы Айнагүл Ермағамбетованың айтуынша, жұмыссыздық пен кадр тапшылығының қатар орын алуына кәсіби еңе аумақтық сәйкессіздік әсер етеді.

– Жұмыс іздеушілердің біліктілігі мен кәсіби дағдылары жұмыс берушілердің талабына үнемі сәйкес келе бермейді. Экономикаға жаңа технологиялар енгізілген сайын заманауи құзыреттері бар мамандарға қажеттілік артады. Сонымен бірге, бос жұмыс орны



орналасқан елдімекен мен жұмыс іздеушінің тұрғылықты жері де сәйкес келмеуі мүмкін. Сондықтан, азаматтарды қайта даярлау, біліктілігін арттыру және еңбек мобильдігін дамыту маңызды, – дейді Айнагүл Ермағамбетова.

Басқарма өкілінің айтуынша, жұмыс берушілер ең алдымен, практикалық дағдысы қалыптасқан маманға қызығушылық танытады. Дәнекерлеушілерге, слесарьларға, электромонтерлерге, машинистерге, жабдық операторларына, инженерлер мен өндірістік үдерістерге қызмет көрсететін мамандарға сұраныс жоғары. Бұған қоса, кәсіпорындарға автоматтандырылған жүйелермен және цифрлық тұрғыда басқарылатын өндірістік жабдықпен жұмыс істей алатын қызметкерлер қажет.

Бүгінде аймақта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын 51 колледж бар. Оларда 34 мыңнан астам студент 153 мамандық пен 252 біліктілік бойынша білім алады.

2024 жылы колледждерді 9 840 түлек тәмамдаған. Соның 5 966-сы, яғни, 60,6 пайызы жұмысқа орналасқан. Ал, былтырғы 9 659 түлектің 5 822-сі жұмыс тапқан. Бұл – 60,3 пайыз. Соңғы екі жылдағы көрсеткіш шамамен бір деңгейде сақталған.

Былырғы түлектердің 4 268-і алған мамандығы бойынша жұмысқа орналасқан, 2 055-і жоғары оқу орындарында білімін жалғастырған, 418-і әскери қызметке шақырылған, 1 074-і жұмысқа орналаспаған.

Алған мамандығы бойынша жұмыс істейтін 4 268 адам жұмысқа орналасқан түлектердің 73 пайызын

құрайды. Бірақ, барлық түлектің санымен есептегенде бұл көрсеткіш 44 пайызға тең. Әрине, қалған 56 пайыздың барлығын жұмыссыз деуге болмайды. Олардың арасында жоғары білім алуды жалғастырғандар, әскерде жүргендер, өзге мамандық бойынша еңбек етіп жүргендер, бала күтіміне байланысты демалыста отырғандар және басқа санаттағы жастар бар екені қадік.

Дегенмен, барлық түлектің жартысына жетпейтін бөлігі ғана алған мамандығы бойынша жұмыс істеуі мамандар даярлау жүйесі мен еңбек нарығы арасындағы байланысты әлі де күшейту қажеттігін көрсетеді.

Сұраныс пен ұсыныстың арасы

Колледж түлектерін жұмысқа орналастыру деңгейі тау-кен өндірісі, металлургия, құрылыс, көлік, энергетика, медицина және педагогика бағыттарында жоғары.

Әсіресе, электрғазбен дәнекерлеушілер, электромонтерлер, тау-кен жабдықтарының машинистері, балкытушылар мен құюшылар, сандық бағдарламалық басқару станоктарының операторлары, құрылысшылар, автомеханиктер, фельдшерлер мен мейіргерлер, ауыл мұғалімдері, ветеринарлар мен агрономдар сұранысқа ие.

Ал, экономика, менеджмент және кеңсе қызметіне қатысты бірқатар бағыт бойынша даярланған түлектер саны бос жұмыс орындарынан артық. Бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығын бітірген жастардың да жұмысқа орналасуы күрделі. Өйткені, цифрлық дағдыларға жалпы сұраныс

өскенімен, өңірде дәл осы бағыттағы бос жұмыс орындарының саны шектеулі.

Облыстың білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Гүлдана Нұрсұлтанның айтуынша, мемлекеттік білім беру тапсырысының құрылымы еңбек нарығына қарай қайта бағытталап келеді.

– Кейбір бағыттар бойынша маман даярлау көлемі еңбек нарығының нақты сұранысынан артық болды. Сондықтан, жұмысшы және техникалық мамандықтарға бөлінетін орындар көбейтіліп, кадрлар артықшылығы байқалатын экономика, банк ісі, зәнтану және бірқатар басқа бағыттар бойынша мемлекеттік тапсырыс кезең-кезеңімен қысқартылып жатыр. Негізгі мәселе кадрдың жалпы санында емес, олардың мамандықтар бойынша құрылымдық сәйкессіздігінде, – дейді Гүлдана Нұрсұлтан.

Ескере кеткен жөн, мемлекеттік білім беру тапсырысы жұмыс берушілердің, мемлекеттік мекемелердің және қала мен аудан әкімдіктерінің өтінімдері негізінде қалыптастырылады. Сонымен қатар, кәсіпорын қызметкерлерінің жас құрамы, зейнетке шығатын мамандар және көші-қон көрсеткіштері ескеріледі.

Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының болжамына сәйкес, 2026-2029 жылдары Қарағанды облысының еңбек нарығына 20 873 маман қажет болады.

Жалпы қажеттіліктің 24,5 пайызы өнеркәсіп саласына тиесілі. Бұдан бөлек, машина жасау, элек-

трмен жабдықтау, энергетика, дәнекерлеу өндірісі, көлік, сумен жабдықтау және су бұру бағыттарында жұмысшы кадрларға сұраныс сақталып отыр.

Өндірістері кадр тапшылығы тек жаңа жұмыс орындарының ашылуымен байланысты емес. Көп жыл еңбек еткен тісқаққан мамандардың зейнетке шығуы да кәсіпорындарға жаңа буынды ертерек даярлау міндетін жүктеп отыр.

– Қазір жастардың көбі аз еңбек етіп, мол табыс тапқысы келеді. Алайда, кәсіби жол бір күнде қалыптаспайды. Біз де жас кезімізде еңбектің қиынынан бастап, тәжірибе жинай жүріп, біртіндеп өстік. Лауазым да, табыс та уақыт өте, еңбектің нәтижесімен келеді. Біздің өндірісте жастарға сұраныс жоғары. Өйткені, зейнет жасына жакындаған тәжірибелі мамандар біртіндеп еңбек демалысына шығып жатыр. Ендігі міндет – олардың мол тәжірибесін жас буынға үйретіп, өндірістері сабақтастықты сақтау, – дейді Qarmet металлургиялық комбинаты №4 домна пешінің учаске бастығы Асхат Серікбаев.

Бұл пікірден өндірістері кадр мәселесінің тағы бір қыры көрінеді. Кәсіпорынға тек дипломы бар жас емес, еңбек тәртібіне бейім, кәсіби сатыдан өтуге дайын және тәжірибелі маманнан үйрене алатын кадр қажет. Ал, буын алмасуы дұрыс ұйымдастырылмаса, ардагер жұмысшылармен бірге жылдар бойы жинақталған өндірістік тәжірибенің де үзіліп қалу қаупі бар.

Теміртауда – металлург, Шетке кеннің керек

Өнеркәсіптің сұранысы жалпы облыстық көрсеткішпен ғана өлшеу жеткіліксіз. Әр қала мен ауданның экономикалық құрылымы, кәсіпорындары және болашақ жобалары бөлек.

Мәселен, Теміртау қаласындағы «Qarmet» кәсіпорнында 35 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Қызметкерлердің орташа жасы 40-тан жоғары. Алдағы бес жылда кәсіпорында зейнет жасына жететін мамандар қатары артуы мүмкін. Қалада 819 құрылыс кәсіпорны тіркелген. Олардың едәуір бөлігі ірі өндіріс орнының мердігері ретінде жұмыс істейді.

Сондықтан, құрыш қалаға металлург, балкытушы, балкыту пешінің операторы, СББ станогының операторы, дәнекерлеуші мамандар қажет.

Ал, Шет ауданы ұзақ уақыт

негізінен аграрлық аумақ ретінде белгілі. Алайда, бүгінде онда «NOVA ЦИНК», «Sary-Arka Copper Processing», «BAPY MINING» секілді ірі тау-кен кәсіпорындары жұмыс істейді. Үш кәсіпорындағы жұмыс орнының жалпы саны екі мыңнан асады.

Соған қарамастан, аудандағы агротехникалық колледж бұған дейін тау-кен өндірісіне маман даярламаған. Еңбек нарығын талдау нәтижесінде тау-кен ісі, кен байыту және өнеркәсіптік электр жабдықтарына қатысты мамандықтарды енгізу қажеттігі анықталған.

Дипломнан кейінгі меже

Еңбек нарығындағы сәйкессіздікті тек колледждер мен мемлекеттік тапсырыстан көру дұрыс емес. Жастың мамандықты қаншалықты саналы түрде таңдағаны да маңызды.

Білім басқармасының мәліметінше, кейбір жастар мамандықты еңбек нарығындағы сұранысына емес, оның сыртқы беделіне немесе оқу үдерісінің жеңіл болғанына қарап таңдайды. Ата-ананың ықыпалы, мамандық туралы ақпараттың аздығы және өндірістік еңбектің күрделілігі де таңдау барысында әсер етуі мүмкін.

Сол себепті де, Мемлекет басшысы еңбек нарығының технологиялық өзгерістерге байланысты жылдам жаңарып жатқанын айтып, бірқатар мамандықтардың ескіруі мүмкін екеніне назар аударды. Президент бұл өзгерістерге қазірден дайындалмаса, оның әлеуметтік салдары ауыр болуы ықтимал екенін ескерткен.

Сондықтан, бүгінгі түлекке бір кәсіпті менгеру жеткіліксіз. Ол жаңа жабдықты игеруге, цифрлық жүйелермен жұмыс істеуге, біліктілігін үнемі жетілдіруге әсте дайын болуы керек.

Адам капиталы колледжде түскен немесе диплом алған жастан санымен ғана өлшенбейді. Оның шынайы нәтижесі – түлектің сұранысқа ие кәсіпті игеруі, мамандығы бойынша тұрақты жұмысқа орналасуы, кәсіби тұрғыдан өсуі және еңбегіне лайықты табыс табуы.

Колледж бен кәсіпорындағы студенттің оқу кезеңінен бастап байланыстыратын негізгі тетіктің бірі – дуальды оқыту. Бұл жүйе жас маманды нақты жұмыс орнына қаншалықты жақындатады? Алдағы мақаламызда осы мәселені саралап көрмекпіз...

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

Ғұннан қалған құнды қазына

Қазақтың саятшылық дәстүрі – халқымыздың табиғатпен біте қайнасқан өмір салты мен рухани болмысын айқындайтын, ғасырлардан жеткен баға жетпес мәдени мұра. Кейінде ұлттық мұраны жаңғыртуға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде қолға алынып, саятшылық өнерін кейінгі буынға дәріптеуге көңіл бөлінуде. Соның нәтижесінде қыран құс баптап, саятшылықты серік еткендердің қатары артып келеді. 2022 жылы Қарағанды облысының «Сарыарқа құсбегілері» федерациясы құрылып, тәжірибелі саятшылардың басын қосуға күш салып келеді. Бүгінде федерация құрамында 20 құсбегі тіркелсе, баптауындағы бүркіттердің саны 10-ға жеткен. Дегенмен, федерация жетекшісі Темірәлі Төлегенұлы ұлттық спорттың қарқынды дамуына кедергі келтіретін мәселелердің де бар екенін алға тартты. Саятшылыққа арналған арнайы инфрақұрылымның жоқтығы, жастардың қызығушылығының төмендігі дәстүрді тежеп отырса керек.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық федерация құрылғаннан бері жұмыстар жүйеленген. Қалалық және облыстық турнирлер тұрақты ұйымдастырылып, ұлттық спортты кеңінен насихаттауға басымдық беріле бастады. Ал, 2023 жылдан бастап, Қарағанды қаласындағы «Қайрат» балалар мен жасөспірімдер ұлттық ат спорты мектебінің жанынан құсбегілік үйірмесі ашылды. Қазіргі таңда үйірмеде тәжірибелі құсбегі Төлеген Махамбетчин жас шәкірттеріне тәлім беруде. Бүгінде үйірмеге 24 бала қатысып, қыран құсты баптаудың қыр-сырын үйреніп жүр. Ипподромның жоқтығынан жаттығулар «Қайрат» спорт мектебінің базасында және мектепке қарасты атшабар алаңында өткізіледі. Алайда, бұл ұлттық спортты толыққанды дамыту үшін жеткіліксіз. Сондықтан, федерация алдағы уақытта құсбегілерге арналған арнайы жаттығу алаңы салынса дейді.

Осы мәселе бойынша тиісті мемлекеттік органдарға талай рет ұсыныс айтып, түсіндірдік. Бірақ, арада 10 жылға жуық уақыт өтсе де, нақты нәтиже болмай отыр. Жалпы, өңірге заманауи талапқа сай үлкен ипподром қажет. Егер сондай нысан салынса, тек құсбегілік емес, жалпы ұлттық ат спорты түрлерінің де дамуына серпін берер еді. Бүркіт ұстайтын азаматтардың басым бөлігі ауылдық жерлерде тұрады. Сондықтан, құстарын көбіне кең далада баптайды. Ал, облыстық және республикалық турнирлер ұйымдастырылған кезде облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы тарапынан қолдау көрсетіліп, қатысушылардың жол шығындары өтеледі, – деді Темірәлі Төлегенұлы.

Жалпы, құсбегінің айтуынша, қыран құстар «Сұңқар», «Бүркіт» және «Қаршыға» болып үш топқа бөлінеді. Федерациясында тіркелген 10 қыранның арасында осы үш түрі де бар.

Ауылда бүркіт ұстау дәстүрі көбіне аға буынның еншісінде. Қыран баптап, аңға салудың қыр-сырын жаксы меңгерген де – солар. Кейінгі жылдары жастар да көбіне әкесі немесе ағасы баптаған бүркіттермен түрлі жарыстарға қатысып жүр. Негізінде, бұл ұлттық спортқа жастардың қызығушылығы әлі де төмен. Оның бірнеше себебі бар. Біріншіден,

өңірде бүркіт саны аз. Екіншіден, бүркіттің табиғаты мен салмағына байланысты оны баптап, қолға қондыру кез келген жастың қолынан келе бермейді. Бұл мәселені біз талай мәрте айтып жүрміз. Дегенмен, бұл спорт түріне келген адамның табиғи бейімі, икемі және құс баптауға деген ерекше қабілеті болуы қажет. Қазақ халқында «тұқым қуалайды» деген сөз бар. Бабадан жалғасқан осы қасиет пен бойында ынтасы бар жандар ғана құсбегілік өнерді терең меңгеріп, биік нәтижелерге жете алады. Қазір құсбегілер үшін маусым аяқталған. Бүркіттер түлекте. Қауырсындары жаңарып, табиғи түлеу процесі жүріп жатыр. Қыркүйек айында қайта бас қосып, құсбегілер мен қыран құстардың тізімі жаңартылады. Осыдан кейін жаңа маусым ресми түрде ашылып, дайындық жұмыстары басталады. Одан әрі өңірлік және республикалық деңгейдегі турнирлер өткізіледі, – деді Темірәлі Төлегенұлы.

Жалпы, құсбегілік жарыстары қыран құстың түріне қарай жеке-жеке өткізіледі. Оның ішінде бүркіттер арасындағы бәсеке үш кезеңнен тұрады. Алғашқы сын – қыранды құсбегінің қолына шақыру. Бұл кезеңде бүркіттің иесіне бағынуы мен пәрменді орындауы бағаланады. Екінші кезеңде бүркіт «шырғаға» түседі. Бұл – арнайы сүйретілетін түлкінің макетіне қыранды салу арқылы оның шашандығы мен аңға түсу қабілетін сынайтын жаттығу. Үшінші кезеңде бүркіт тірі қоянға салынып, оның аңшылық қасиеті бағаланады. Осы үш кезеңнің қорытындысы бойынша ең жоғары ұпай жинаған бүркіттер финалдық кезеңге жолдама алады. Егер актық сында екі қыранның ұпайы тең түссе, жеңімпазды анықтау үшін қайтадан шырға тартылады. Бұл жолы нәтиже уақытпен есептеледі. Яғни, шырғаны ең қысқа уақытта алған бүркіт жеңімпаз деп танылады.

Сұңқарлар арасындағы жарыс та қыранды қолға шақыру кезеңінен басталады. Одан кейінгі негізгі сын – «далбай тарту». Бұл кезеңде әр қатысушыға үш минут беріледі. Белгіленген уақыт ішінде сұңқардың далбайға қанша рет түскені есептеліп, соған сәйкес ұпай беріледі.

Қаршығалар арасындағы жарыс та қыранды қолға шақыру кезеңінен басталса, екінші кезеңде жабайы кептерге салынады. Егер



Қаршыға олжасын ұстаса, қатысушыға 10 ұпай беріледі. Жарыс қорытындысында екі қаршығаның ұпайы тең болған жағдайда жеңімпаз қосымша сын арқылы анықталады. Бұл кезеңде құс қайтадан қолға шақырылып, нәтиже уақытпен есептеледі. Белгіленген қашықтықтан иесінің қолына ең қысқа уақытта жеткен қаршыға жеңімпаз деп танылады.

Республикалық құсбегілік федерациясы жарыс ережелеріне әр үш жыл сайын өзгерістер енгізеді. Сондықтан, облыстық және республикалық деңгейдегі жарыстардың барлығы елімізде бекітілген ресми ереже бойынша өткізіледі. Ал, халықаралық турнирлер халықаралық талаптарға сәйкес ұйымдастырылады. Себебі, ЮНЕСКО аясындағы жарыстарда аң-құсты пайдалану арқылы бәсеке өткізуге шектеу қойылған. Біз халқымыздың байырғы саятшылық дәстүрін сақтап қалу мақсатында еліміздегі жарыстарды ұлттық ерекшелікке сай өткізіп келеміз, – деді Темірәлі Төлегенұлы.

Соңғы рет наурыз айында Петропавл қаласында жастар мен жасөспірімдер арасында құсбегіліктен ел чемпионаты өткен. Аталған додаға облыс құрамасының сапынан екі құсбегі қатысып, бақ сынағанымен, жүлдеге іліне алмады. Ал, оған дейін Оралда ересектер арасында өткен Қазақстан чемпионатында Темірәлі Төлегенұлы «Сұңқар» сайысында «Жұлдыз» атты сұңқарымен өнер көрсетіп, жүлделі ІІІ орынға ие болған еді. Өкінішке қарай, биыл өтетін Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына облыс құсбегілерінің ешқайсысы жолдама ала алмады.

Шет ауданы Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны Тұрсын Жағыпбаров – бүгінде осы ата қасиеті нәсіп етіп, ұлттық спорттың дамуына өзіндік үлес қосып жүрген саятшылардың бірі. Тұрсынның құсбегілікке деген қызығушылығы мектеп қабырғасында оянған. Оның саятшылық өнердегі алғашқы бағыт-бағдарын айқындап, қыран баптаудың



қыр-сырын үйреткен тәлімгері – Әбіш Төребеков. Ұстазының жанында жүріп, құс ұстауды, оны қолға үйретіп, баптауды көкейге түйіп, алғаш рет Көкшетауда өткен республикалық турнирге қатысады. Ол кезде ұстазының бүркітін баптап барып, үлкен доданың ауасын жұтып, тәжірибе жинақтап қайтқан еді. Оқу аяқталған соң тіршілік қамымен қалаға ауысып, біраз уақыт бұл өнерден қол үзіп қалған. Әйткенмен, жүректегі саятшылыққа деген ықылас сөнбегені.

Мектеп тәмамдаған соң бұл спорттан қол үзіп қалдым. Десе де, іштей қызығушылығым болды. Кейін 2021 жылы Алматыдағы арнайы тәлімбақтан балапан бүркіт сатып алып, оған «Аңыз» деп ат қойдым. Бүгінде ол 6 жа-

сар бүркіт. Көпшілік арасында «құсбегілік – тек тектілікпен, атадан балаға даритын өнер» деген түсінік бар. Десе де, әкем аңшылық құрып, тазы жүгірткенімен, құс ұстамаған. Бәлкім, сол бір саятшылығы менің бойыма қонған болар. Қазір үлкенім Абылай құс баптаудың қыр-сырын меңгеріп жүр. Алдағы уақытта маусым басталған соң дайындықты бастаймыз. Былтырғы маусымда облыстық чемпионатқа қатысып, ІІІ орын алдық. Биыл да турнирлерді құр қалдырмаймыз, – деді Тұрсын Жағыпбаров.

Бұқар жырау ауданына қарасты Шалқар ауылының тумасы Әлихан Уәлиевтің бұл салаға келу жолы да өзгелерден ерекше. Өзі – Бұқар жырау Қалқаманұлы кесенесінің шырақшысы. Бала кезі-



нен тазы жүгіртіп, аңшылықтың қыр-сырын бойына сіңірген. 2023 жылы Әлихан киелі Бұқар баба кесенесінің маңынан бүркіттің балапанын тауып алып, ажалдан арашалап қалыпты.

Бастапқыда жабайы құсты қолға үйрету оңай болған жоқ. Алайда, уақыт өте келе, бүркіт маған бауыр басып, далаға ұшырып жіберсем де, қайтадан өзіме келіп қонатын болды. Осыдан кейін оны асырап, баптауға бел будым. Қажетті құжаттарын рәсімдеп, «Байқоңыр» деп ат қойдым. Құс баптаудың қыр-сырын тереңірек меңгеру үшін қарқаралылық құсбегі Қазбек Нұржановпен байланыс орнатып, ақыл-кеңесін алдым. Сонымен қатар, ғаламтордан қажетті мәліметтерді іздеп, тәжірибемді толықтырдым. Құстың тілін табу, мінезін түсіну, бабын келтіру – үлкен төзімділік пен сабырды қажет ететін өнер. Қазақ халқының қанында, генінде жатқан рухани қодтың бір көрінісі. Ең бастысы – сол қасиетті оята білу. Менің әкем де кезінде Балқашта әскери қызметте жүргенде балапан бүркіт асыраған екен. Арада талай жыл өткен соң, мен де осы жолды жалғастырып, бүркіт баптап отырмын. Бүгінде «Байқоңырымның» жасы – үште. Өзім аңшылықпен айналысатындықтан, құсты күтіп-баптау, жемін беру аса қиындық тудырмайды. Қар түскеннен кейін тазыларыммен бірге бүркітімді де алып шығып, баптаймын. Аңға саламын, – деді Әлихан Мерекеұлы.

Өткен маусымда Әлихан Мерекеұлы «Байқоңырмен» Баянауылда өткен ел чемпионатында алғаш рет бақ сынады. Бүркіті жүлдеге іліне алмағанымен, тәжірибе жинап, шеберлігін шыңдап қайтқан. Одан кейін Шет ауданында ұйымдастырылған облыстық жарыста 16 бүркіттің арасынан суырылып шығып, ІV орынға ие болды. Бүгінде тәжірибесі толысқан құсбегі алдағы маусымда да түрлі байқауларға қатысып, бағын сынауды жоспарлап отыр.

Федерация жергілікті әкімдіктермен және дене шынықтыру және спорт бөлімдерімен тығыз байланыста жұмыс істейді. Жеке ұйым ретінде құрылғаннан кейін өңірдегі білім беру ұйымдарын, түрлі мекемелерді аралап, ұлттық спортты, оның ішінде құсбегілік өнерін кеңінен насихаттауға бағытталған жобаларды жүзеге асырған. Қазіргі таңда да осы бағыттағы игі бастамалар жүйелі түрде жалғасып келеді.

Суреттер кейіпкерлердің жеке мұрағатынан

Жағажайдағы өзгеше жарыс

Теміртау қаласының жағажайы бір күнде-ақ өзгеше жарыс алаңына айналып шыға келді. Мұнда әдеттегідей демалыс кезіндегі айқай-шу емес, оған қатысушылардың ауық-ауық пәрмендері мен жинаған балдарын есептеген дауыстары естіліп жатты. Жастар қолдарына спорт құралдарын ұстамай, жұмыс қолғаптары мен қоқыс жинайтын қапшықтармен шыққан екен. Өйткені, бұл күні қалада «Жасыл ел» еңбек жасақтарының жауынгерлері мен белсенді жастарды біріктірген экологиялық квест – «Таза ойындар» өтіп жатқан еді.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жарысқа қатысқан командалардың басты міндеті жағажайдың қоқыс қалдықтарын көбірек жинап қана қоймай, оны дұрыс сұрыптай білу де болатын. Қалдықтың әрбір түрі – пластик, қағаз, резина немесе ірі көлемдегі қоқыс үшін белгілі бір мөлшері қойылды. Жеңімпаздарды жылдамдық пен дене белсен-



ділігінен бөлек ықтияттылығы мен қалдықтарды жекелей жинау принциптері де анықталды.

Быылғы жаздың еңбек маусымында қаламыздағы «Жасыл ел» жасақтарының қатарында 300-ден астам адам бар. Мұндай акциялар қаланы таза ұстауға көмектесіп, қала тұрғындарының қоршаған ортаға қамқор көзбен қарау жауапкершілігін де тәрбиелейді. Сондай-ақ, оған қатысқан жастар қоқыс қалдықтарын дұрыс сұрыптауға үйреніп, оның табиғатты сақтап,

аялаудағы маңызын түсінеді, – дейді «Жасыл ел» жобасының бас үйлестірушісі Мирас Яула.

Осы күні жарысқа қатысушылардың көпшілігі үшін эквест тұңғыш тәжірибе болды. Дегенмен, туған қаласын таза ұстау олардың әрқайсының негізгі ұстанымы еді деуіміз керек.

Менің «Жасыл ел» жасағы құрамында болғаным бірінші жыл. Осында келіп, тіркелгендегі мақсатым – қаламыздың барған сайын тазарып, тұрғындардың мұнда өмір



сүруі сәнді де мәнді болуы. Сондықтан, бұл жағажайда демалушылардың баршасына «Өздеріңден кейін қоқыс қалдықтарын қалдырмай, табиғатты қорғап, сақтаңыздар!» деген үндеу тастаймын, – дейді акцияға қатысушылардың бірі.

Жағажайда өткен жарыс аяқталып, барлық жиналған қоқыс қалдықтары қала сыртындағы полигонға апарылып, төгілді. Алайда, ұйымдастырушылар «Таза ойындар» жарысының басты нәтижелері жиналған қоқыс мөлшері мен командалар алған балдардан гөрі қала жағажайының жасаңғырап, тазаруы мен жастардың өз іс-әрекеттерімен экологиямызға қамқорлық танытып, үлгі көрсетуінде деп біледі.

ТЕМІРТАУ

Сурет ұйымдастырушылардан

Қарағанды облысының Шахтинск қалалық соты Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, 40 жылдық Жеңіс көшесі, 60-үй, 71-пәтер мекенжайында тұратын Лариса Николаевна Аброськинаның 19.08.1964 жылы туған Александр Ильич Аброськинді хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы арызы бойынша азаматтық іс қозғады. Соңғы тұрғылықты жері: Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, 40 жылдық Жеңіс көшесі, 60-үй, 71-пәтер. Соңғы жұмыс орны: «Қарағандыкөмір» өндірістік бірлестігінің «Долинская» шахтасы. Александр Ильич Аброськиннің қазіргі мекенжайы туралы мәліметті білетін адамдардан хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзім ішінде бұл туралы сотқа хабарлауды сұраймыз.

Жаңалық әрқашан жаныңызда!
<https://ortalyq.kz/>

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық, қалалық және аудандық кеңестері облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғабит Шораұлы Тұяқовқа қарандасы
Роза ТҰЯҚОВАНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады

• ФЕСТИВАЛЬ

Арқа үні – араб атырабында

Иорданияда өтіп жатқан беделді халықаралық Джараш мәдениет және өнер фестивалінде Қазақстан атынан өнер көрсеткен Қарағандының қос өнер ұжымы көрерменді тәтті етті. Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестікке қарасты «Арқа сазы» фольклорлық ансамблінің сазды әуені мен «Акку» фольклорлық-хореографиялық ансамблінің мың бұралған биі Ұлы даланың рухын Таяу Шығыс төрінде қалықтатты.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

22 шілде мен 2 тамыз аралығында ежелгі Джараш қаласында ұйымдастырылған биылғы өнер жәрмеңкесі фестивалдің 40 жылдық мерейтойына арналды. Қазақстандық делегация айтулы шараға Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің жолдамасымен қатысты.

1981 жылдан бері тұрақты өткізіліп



жатқан Джараш фестивалі бүгінде әлемнің әр түпкірінен музыкалық, театр және хореографиялық ұжымдарды тоғыстыратын беделді мәдени алаңға айналған. Мұнда түрлі халықтардың өнері

мен салт-дәстүрі сабақтасып, мәдениетаралық байланысты нығайтуға мүмкіндік туады.

Арқа өнерпаздары Иорданиядағы тарихи Hippodrome Theatre сахнасында

казактың дәстүрлі музыкасын, аспаптық шығармалары мен ұлттық билерін ұсынды. Қаз мойын домбыраның қоңыр үні мен Арқа мектебіне тән кең тынысты әуен, ұлттық бояуы қанық би композициялары шетелдік көрерменнің зор қызығушылығын тудырды.

Қазақстанның Иордания Хашимит Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі Талғат Шалданбай бастаған елшілік қызметкерлері қарағандылық өнерпаздарға қолдау көрсетті. Қазақстан мен Иордания арасындағы достық қарым-қатынас мәдени-гуманитарлық байланыстар арқылы да нығайып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, Арқа ансамбльдерінің халықаралық фестивалге қатысуы ұлттық өнерді насихаттаумен қатар, екі ел арасындағы мәдени ықпалдастықты тереңдетуге үлес қосты.

– Ұлттық өнерімізді ұлықтап, төл мәдениетімізді халықаралық сахнада кеңінен танытуға тырыстық. Тұтас елдің атынан барғандықтан, бағдарламамызды барынша мазмұнды құрып, Арқаның ән-күйлерімен қатар, халқымыздың та-

рихы мен рухани шежіресінен сыр шертетін шығармаларды орындадық. Шығыс жұрты мен фестивалге әлемнің әр түпкірінен келген қонақтар қазақ өнеріне ерекше қызығушылық танытып, жоғары бағасын берді. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, күміс көмей әнші Сержан Мұсайын әуелете ән шықса, мен қыпқобызбен Қорқыт күйлерін орындадым. Бір жағынан, өзге елдің мәдениетімен танысып, рухани серпіліп қайтсақ, екінші жағынан, халқымыздың абыройын асқартатып, ұлттық өнерімізді дәріптегенімізге бек қуаныштымын, – деді «Арқа сазы» фольклорлық ансамблінің көркемдік жетекшісі Байғара Сәдуақасов.

Айта кетелік, беделді өнер додасына Қазақстаннан бөлек Италия, Египет, Грузия, Жапония, Испания, Қатар, Сауд Арабиясы, Мексика, Ресей, Біріккен Араб Әмірліктері, Сирия, Ирак және Иордания елдерінің шығармашылық ұжымдары қатысуда.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• ЖАҢА КІТАП

Тұлға туралы туынды



Арқа журналистикасында айрықша із қалдырған қаламгер, журналист, Қазақстанның Құрметті журналисі, Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы Мақсым Омарбековтің өмірі мен шығармашылық мұрасына арналған «Қарқаралының Максимі» кітабы оқырманға жол тартты. Туындының тұсаукесері Қарқаралы қаласындағы Ш.Жандарбекова атындағы мәдениет үйінде өтіп, қаламгердің замандастары, әріптестері, туған-туыстары мен әдебиет сүйер қауымның басын қосты.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кітаптың авторы – қаламгердің ұлы, журналист Мақсат Мақсымұлы. Ол бұл еңбегінде әкесі туралы жүрекжарды естеліктерін, ой-толғамдарын және көпшілікке бұрын жария болмаған деректерді жинақтаған. Сонымен бірге, кітапта Мақсым Омарбековтің жазушылық, журналистік және қоғамдық қызметіне кеңінен шолу жасалып, оның ұлттық журналистика мен әдебиетке қосқан үлесі сараланған. Қаламгердің бірқатар шығармасы әдеби-танымдық тұрғыдан талданып, қаламгерлік қолтаңбасы мен шығармашылық әлемінің ерекшеліктері екішпелген.

Тұсаукесерде Қарқаралы қаласының әкімі Аслан Рахымбергенов пен Қарқаралы аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы Сайлау Әлиұлы сөз сөйлеп, Мақсым Омарбековтің өңір рухани-жыны мен қоғамдық өміріндегі орнына тоқталды. Сондай-ақ, жиын барысында қаламгердің замандастары да естеліктерімен бөлісті. Ардагер дәрігер Серік

Жекеев, ардагер кітапханашы Нұрбану Нұрғалиева, ардагер ұстаз Дана Бақтыбаева және Семейден арнайы келген әулет туысы Қизат Демесін Мақсым Омарбековтің кәсіби шеберлігі, адамгершілігі мен елге деген жанышарлығы туралы жүрекжарды лебіздерін жеткізді. Олар оның әділдігі, сөзге беріктігі, жас журналистерге көрсеткен қамқорлығы мен қаламгерлік ортадағы абыройы жайында тағылымды оқиғаларды еске алды.

Тұсаукесер рәсімін ақын Руслан Нұрбай жүргізді. Кештің рухани ажарын Балдырған Жекеева, Аида Әбілкасымова және Нұрсұлтан Қасымбек орындаған әсем әндер айшықтай түсті. Кітап авторы Мақсат Мақсымұлы жиналған қауымға ризашылығын білдіріп, әке мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткізуді перзенттік парызы санайтынын айтты.

Суретті түсірген
Тияшбек ХАМИТОВ

Қарқаралы ауданы

• КӨКПАР

Бәсі биік бәсекеде бақ сынайды

Көкпардан былтыр Талдықорғанда өткен ел чемпионатында Қарағанды облысының құрамасы турнирдің ширек финалына дейін жетті. Команда сапында шабуыл шебінде өнер көрсеткен Мирас Тақауиев аталған додада қарсыластар қақпасына алты салым салды. Жас көкпаршының бұл нәтижесі мамандар назарына ілігіп, осымен үшінші мәрте ұлттық құрама сапына шақырылды. Биыл Мирас спорттық мансабында алғаш рет қыркүйекте Қырғызстанның Ыстықкөл жағалауында өтетін Дүниежүзілік Көшпенділер ойындарында ұлттық құрама сапында өнер көрсетпек.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сонымен, жерлесіміз Мирас Тақауиев – ұлттық құрамадағы 24 көкпаршының бірі. Биыл оның Қазақстан ұлттық құрамасы сапында өнер көрсетіп жүргеніне үш жылдан асыпты. Осы уақыт аралығында тәжірибесін шыңдап, ел намысын халықаралық додаларда қорғап жүрген спортшы биыл ұлттық құрама сапында алғаш рет Дүниежүзілік Көшпенділер ойындарына қатысып, дүбірлі додада бақ сынамақ.

– Дайындық жоғары деңгейде жүріп жатыр. Алматыда ұлттық

құраманың оқу-жаттығу жиындарының алғашқы екі кезеңі сәтті аяқтадық. Қазір аз-кем демалыстамыз. Алдағы үшінші кезеңдік жаттығу жиындары келер айдың 7-сінен басталады. Ұлттық құраманың бас бапкері Нұрәулет Момыновтың маған жүктеген басты міндеті – нәтижелі шабуыл ұйымдастырып, салым салу. Ішкі чемпионаттарда өзімнің немесе облыстық федерацияға тиесілі аттарды тағалап мінетінбіз. Ал, бұл жолы Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына облыстық федерация



арнайы сәйгүлік алып береді, – деді Мирас Қанатұлы.

Айта кетейік, Мирас – Дүниежүзілік Көшпенділер ойындарына жолдама алған алғашқы

қарағандылық көкпаршылардың бірі.

Сурет М.Қанатұлының жеке мұрағатынан

• ЖӘДІГЕР

Көне мәдениет көмбесі

Нұра аудандық тарихи-өлкетану музейінде XIX ғасырда пайдаланылған, темірден түйін түйген ұста Шұбай Жұматайұлына тиесілі көрік сақталған.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сөз болып отырған құрал ағаш, былғары, металл материалдарды өңдеу, құрастыру, қолмен кіріктіру техникасын пайдалану арқылы жасалған.

Құнды бұйымның өлшемдері: ұзындығы – 150, ені – 70, биіктігі – 90 сантиметр. Ұзақ уақыт қолданылғандықтан және уақыт салмағынан ағаш бөліктерінде табиғи тозу, қаңсудан пайда болған жарықтар мен сызаттар байқалады. Былғары қаптамасы да ескірген, кей жерлері қажалып, жырытылған. Соған қарамастан, жалпы құрылымы бүтін, қанағаттанарлық жағдайда сақталған.

Көрік – темір ұстасының дүкеніндегі оттың қызуын күшейтуге арналған дәстүрлі құрал. Ол



әдетте ағаш тақтайлардан, былғары қаптамадан, ауа өткізетін сапатамадан және ұзын ағаш тұтқадан жасалады.

Тұтқаны жоғары-төмен қозғау арқылы көріктің ішіне жиналған ауа саптама арқылы көріктен пешке үрленіп, темірді қыздыруға қажетті жоғары температураны қамтамасыз етеді. Қазақ ұсталары көрікпен темірдің қызуын балку деңгейіне дейін көтеріп, илеуге кө-

нетін металдан түрлі шаруашылық құралдарын, қару-жарақтарды, ат әбзелдерінің темір бөлшектерін соққан.

– Көрік – қазақ ұсталығының жүрегі. Қазақ халқының дәстүрлі колонерінде ұсталық кәсіп ерекше бағаланады. Ұста – темірден түйін түйген шебер ғана емес, ел тұрмысына қажетті құрал-саймандар мен тұрмыстық бұйымдар жасаған аса қадірлі мамандық иесі. Ұстаның

шеберлігін айқындап, еңбегінің нәтижесін көрсетуге ықпал ететін басты көмекшісі – көрік. Оны шебер пайдалану үдерісі темірді жұмсартып, оны қажетті пішінге келтіруге мүмкіндік береді. Сондықтан, халық арасында «Көрік бар жерде – тіршілік бар» деген тұжырым қалыптасқан. Көрік – халқымыздың еңбекқорлығының, шеберлігінің және ұлттық колонерінің айқын көрінісі. Осындай жәдігерлерді сақтау мен насихаттау – ұлттық мәдени мұраны келер ұрпаққа жеткізудің маңызды міндеті. Әрбір көне бұйым өткен тарихымыздың дүбірін бүгінге жеткізіп, халқымыздың болмысын тануға жол ашады, – дейді Нұра аудандық музейінің қор сақтаушысы Анаргүл Айткенқызы.

Әр дәуірдің бұйымдары сол кезеңнің мәдениетінен, өнерінен хабар береді. Бұл көне бұйым да Нұра өңіріндегі ұсталық өнердің ерекше дамығандығын аңғартады.

Сурет автордан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті		Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;		Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19		Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Үй.		«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZXX БИН 000840001412	
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС		Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА		Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ		Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ		Тарапымы 3 284	
Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА		Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА		Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА		Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА		№81 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.	
Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Жамал СОВЕТҚЫЗЫ		Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.		Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.		Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.		Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.	